Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 31 (1086)

12.08.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ТҮЙТКІЛ

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫНА АЛДАНБАҢЫЗ!

АБАЙ ДАНАНЫҢ «АРСЫЗ БОЛМАЙ АТАҚ ЖОҚ» ДЕГЕН ПӘЛСАПАСЫН БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ӘРКІМ ӘРҚАЛАЙ ТҮСІНІП ЖҮР. МӘСЕЛЕН, ӨНЕР АДАМДАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖЕҢІЛ ЖЕЛПІ ӘНШІЛЕР АТЫН ШЫҒАРУ ҮШІН АТАҚТЫ САТЫП АЛЫП, АТЫН ШАҒАРЫП ЖҮР. ЖОҒАРЫ БИЛІККЕ ЖЕТУ ҮШІН ТӨМЕНГІ БАСПАЛДАҚТАН БАСТАП, ӨНДІРІС НЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЫСЫЛЫП ПІСПЕГЕН, ШЕТЕЛДЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛЫП, ҮШ-ТӨРТ ТІЛДІ МЕҢГЕРІП, АНА ТІЛІНЕ КЕЛГЕНДЕ «АЛАПЕС» БОЛҒАНДАР ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ШАТЫЛЫП, АТАҚТАРЫ ЖЕР ЖАРЫП ТҰР.

Енді осылардың қатарына интернет аляқтарының дақпырты қосылды. Олардың арсыздықтары сондай бірнше минут ішінде көзі қарақаты жандардың өзін алдап, арбауына түсіріпті. Жетісу облысының екі ауыл тұрғыны интернет алаяқтарының құрбанына айналған. Екі факті де өңірдің Кербұлақ ауданында орын алған. 1989 және 1990 жылдары туылған кербұлақтық екі тұрғын да бірнеше минуттың ішінде 2,5 миллион теңгесін өз жинақтарынан алаяқтардың айтқан сілтемелерін басамыз деп айырылған. Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылының тұрғыны Instagram-дағы түрлі ақшалай жобаларға инвестиция салуға байланысты сілтемеге сеніп 1 293 000 жоғалтқан. Анау-мынау емес, білдей бір экономистің алаяқтардың құрсауына түсуіне, өз қаражатын инвестицияға салып екі есе пайда табамын деп алданған. Әуеліде сілтемеге сеніп 100 000 теңге жіберіп, едәуір пайда көрген экономист бірнеше күннен кейін қомақты қаражат салып, жиған-тергенінен айырылып қалған. Қарғаның ірімшігін алдап жеген түлкідей «маңғыт аузыңа саңғыт» деп сілтемені бастырып, тайып тұрған алаяқтарға алданған аудан тұрғыны санын соғып қалыпты. Екінші Беріктас ауылының тұрғынын Whats up мессенджері 1 200 000 теңге көлеміндегі допозитін алдап алып кеткен. Бұзақы өзін «Halyk bank» қауіпсіздік қызметінің қызметкері ретінде таныстырып, оның атына белгісіз тұлғалар ақшалай несие рәсімдеуге тырысып жатқанын хабарлаған. Алаяқ клиенттің депозиті бар екенін біліп, ақшаны банктік картаның артқы жағындағы үш таңбалы CV-кодты ұсына отырып, қауіпсіз шотқа аудару керек деп мәлімдеген. Белгісіз адаммен сөйлескеннен кейін ауыл тұрғыны шоттағы 1 миллион 200 мың теңгесінен қағылған. Жетісу облысының Ішкі істер департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, ағымдағы жылы өңір аумағында интернет алаяқтарының 55 фактісі тіркелсе, жыл басынан бері мобильді банкинг арқылы ақша қаражатын ұрлатудың 146 фактісі тіркелгенін, алаяқтардың, яғни шабуылдаушылардың жәбірленушілердің жеке деректерін өздерінен алу арқылы қылмыстық істерін жүзеге асырғандарын айтады. Бірінші оқиғада алаяқтарға арбалғандардың барлығы өз жинақтарын түрлі инвестициялық жобаларға салған. Нәтижесінде олардың бәрі жалған болып шыққан. Арбаушылардың шырмауына түскендер спорттық ставкалар онлайн-ойындар және тағы басқа ұтыстарға салып, еселеп ақша табуға үндеп отырған. Адам тани білетін алаяқтар көбіне өнер адамдарынан бастап, мемлекеттік шенділерге дейін медиа тұлғалардың суретін пайдаланып, жалған инвестициялардың әлеуметтік желілерінде сілтеме жасайды дейді облыстық Ішкі істер департаментінің баспасөз қызметкерлері. Интернет арқылы атағы шыққан арсыз алаяқтарды анықтап, жедел-іздестіру шараларын ұйымдастырып жатқан із кесушілер қаладағы, ауылдағы тұрғындарға ғаламтор желілерінде өте абай болуы керектігін ескертеді.

Айтақын МҰХАМАДИ

НЕГЕ?

ҚАРАША ХАЛЫҚТЫҢ АЙЛЫҒЫ ШАЙЛЫҒЫНА ЖЕТПЕЙДІ

Қазақстанда орташа айлық жалақы мөлшерінің жаңарғаны туралы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросынан мәлім етті. Мәлімдемеде 2022 жылдың екінші тоқсанында бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 312 011 теңге болғандығын хабарлайды. Бұл әрине ақылға қонымсыз статистика екенін айтқан қоғам белсенділері сөзінің төркініне қарап халықтың орташа айлық жалақысы дұрыс есептелмей ме деген ойға қаласың. Жалпы академик Оразалы Сәбден депутат болып тұрғанда статистикалық орган Үкіметтің жанында болмауы тиіс деген мәселе көтерген екен. Неге десеңіз, Үкімет бекітіп берген ақпаратты айтумен шектеліп қалады. Сол үшін бұл орган не Президентке тікелей бағынатын я болмаса Парламенттің жанында құрылуы керектігін айтқан. Оның сөзіне сүйенсек, елдегі орташа айлық жалақыны байды да, кедейді де бірге қосып есептейді. Ал дәулеттілердің айлығы бірнеше миллион теңге болатын болса, кедей санаттағылар орташа айлықтың жартысын да көрмейді. Осы екі топты қосады да, орташа айлық жалақы 200-250 мың теңге деген мәлімдеме жасайды. Баға шарықтап тұрған қазіргі заманда айлық мәселесі туралы саясатты өзгерту керек те болар. Тәуелсіз сарапшылар сөзіне сенсек, бізде көрші Ресеймен салыстырсақ, ең төменгі жалақы мөлшері екі есе төмен. Бұл жағдайды ескеріп, Үкімет елдегі ең төменгі жалақыны 42 500 теңгеге көтерді. Одан бері үш жыл ішінде индексация жасалмаған. Үш жыл тұрмақ, бір жыл ішінде тауар мен тұтыну бағасы айтарлықтай өскендігін көріп отырмыз. Қазір экономикалық жағдайды ескеріп, ең төменгі жалақыны арттыру мәселесін қайта көтеру керектей.

Қазақстандағы орташа айлық жалақының көлемі қызмет бабы, қандай мекемеде жұмыс істейтініне байланысты. Тіпті әр облыста әрқалай бекітілген. Жасыратыны жоқ, мектепте жұмыс істейтін есепші мен Ұлттық компаниядағы есепшінің айлығында айтарлықтай айырмашылық бар екенін бәріміз де жақсы білеміз. Алайда? Қалай десек те халықтың алар еңбекақысы оның өмір сүру сапасы ғой. Ал жалақы көтеруге келгенде көзбояушылық жасау, қиянат жасағанмен бірдей.

Соңғы 25 жылда еліміздегі орташа жалақы қалай өзгергені туралы дерекке көз жүгіртсек, 1995 жылы еңбекақы 4600 теңге болған. Араға 5 жыл салып халықтың орташа табысы 14 300 теңгеге жеткен. 2005 жылы – 34 000 тг, 2010 жылы екі есеге артып 77 600 теңгеге өсті. 2015 жылы жалақы мөлшері 126 мың болса, 2020 жылы орташа есеппен 196 992 теңге. 2021 жылдың орташа айлық атаулы жалақысы 223 213 теңге болды. Биылғы есеппен қазақстандықтар орта есеппен айына 300 мың теңгенің көлемінде жалақы алады. Және бұл жылдың екінші тоқсанындағы көрсеткіш. Ал іс жүзінде қараша халықтың айлығы шайлығына жетпейді. Неге?

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

АҢДАТПА

ОБРАЗОВАНИЕ — 3 стр.

ПООБЕЩАЛИ УВЕЛИЧИТЬ СТИПЕНДИИ СТУДЕНТАМ

АУДАН ТЫНЫСЫ — 4-бет

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАРАТАЛҒА БАРДЫ

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ — 7-бет

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АҚМАРАЛ

ПОЭЗИЯ — 13-бет



МЕН - ТІРІ ЕКЕНМІН!

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖИЫН-ТЕРІН ЖҰМЫСЫ БАСТАЛДЫ

Жетісу облысында жиын-терін жұмысы жүріп жатыр, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бүгінгі күнге жалпы алаңы 308,6 мың гектар жердің 127 мың гектарынан немесе 41,1%-нан дәнді дақыл жиналған. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, 247,2 мың тонна астық бастырылып, егіннің орташа шығымдылығы – 19,5 ц/га. Облыстағы дәнді дақылдардың алаңы 308,6 мың гектар (2021 ж. – 302,5 мыңға). Сонымен қатар, мал азығын дайындауға да ерекше мән берілуде. Бүгінгі күні 1350,5 мың тонна мал азығының қоры жинақталды, бұл – өңірдегі қажеттіліктің 70,3%-ы, соның 1095,7 мың тоннасы – шөп, 77 мың тоннасы – пішендеме, 90,6 мың тоннасы – сабан, 87,2 мың тоннасы – жем. Өңірде жем-шөп дайындау жұмыстары әлі де жалғасады.

АУДАН ТЫНЫСЫ

ӘУЕЖАЙ ЖҰМЫСЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

Үшарал әуежайы ұшу-қону жолағын жаңғырту жұмыстарынан кейін алғашқы ұшақты қабылдады. Бұл туралы Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Бірінші рейстің жолаушылары Талдықорғаннан сағат 11.50-де ұшып шығып, Үшаралға 12.50-де қонды. 11 тамыздан бастап «Жетісу» авиакомпаниясы күнделікті «Талдықорған – Үшарал – Талдықорған» бағытында авиарейстерін ұшырады. Билеттерді Үшарал және Талдықорған қалаларының әуежайы кассаларынан, сол сияқты онлайн түрде де алуға болады. Сол секілді «SCAT» авиакомпаниясының «Нұр-Сұлтан – Үшарал – Нұр-Сұлтан» бағытындағы әуе рейстері 15 тамыздан, ал Алматы мен Үшарал арасындағы әуе қатынасы 16 тамыздан бастап жанданады деп жоспарлануда.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КОНФЕРЕНЦИЯ АЯСЫНДА

«Достық үйінде» Алматы облысы «Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» 1-полиция батальонының жеке құрам қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық даярлығын дамыту және суицидтің алдын алу шараларын өткізуге арналған «Өмірдің мәні – жақсы өмір сүру» атты тақырыпта конференция өтті.

ӨМІРДІҢ МӘНІ – ЖАҚСЫ ӨМІР СҮРУ

Конференцияда әлем бойынша орын алып жатқан маскүнемдік, нашақорлық және суицид секілді өзекті мәселелер көтерілді. Жиынға қатысушы нарколог, психиатр мамандары осы негізде өздерінің баяндамаларын жасап, қатысушылардың қойған сауалдарына жауап берді.

Айта кетейік осы негізде 1-полиция батальонының аға инспектор-психологы

полиция капитаны Динара Мамырова қызметкерлермен тренинг-жаттығуларын, кәсіби-психологиялық даярлығын дамытуға бағытталған дөңгелек үстел, конференция, дәріс, семинар сабақтарын ұдайы ұйымдастыруда. Сонымен қатар диагностикалық зерттеу барысында, зиялы заттарға бейім немесе мінез-құлқының ахуалдарының алдын алу мақсатында психологиялық кеңес, түзету және релаксация жұмыстарын да жүргізіп келеді.

Диана Айдарбекқызының айтуынша, қызметкерлердің стресс, депрессияға ұшырамау үшін психологиялық тұрғыдан барлық жағдайларды ескере отырып, өзгертулер енгізілуде. *«Психология ғылымы – тұрақсыз ғылым, көптеген әдістемелік құралдары бар, дегенмен біздің мұсылман халқымыздың менталитетіне келетін құралдардың сандары аздау. Бұндай қиыншылықтарға қарамастан психолог маманы жан-жақты, творчестволық көзқараспен, тартымды, позитивті, сенім артатын адам болуы қажет»,* – дейді ол.

Конференцияны өткізудің басты мақсаты – шақырылған мамандармен (нарколог, психиатр, дін өкілдері) нашақорлық, алкоголизм, өзін-өзі өлтіру тақырыптарында профилактикалық жұмыстарын жүргізу, теориялық, практикалық мәліметтерін беру, өзекті мәселелерге талдау жасау, өмірге деген құштарлықтарын ояту, мотивация беру болып табылады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МАМАН МІНБЕРІ

БІРЛЕСЕ КҮРЕСУ КЕРЕК

Қоғамымызда әлі болса жемқорлықтың орын алуы, еліміздің экономикалық дамуы мен оның өркендеуіне кері әсерін тигізетіні баршамызға белгілі. Осыған байланысты тек құқық қорғау органдары ғана емес, барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар, бүкіл әлеумет, әр азамат оған қарсы тұруға шешім қабылдауы керек, сонда ғана жемқорлыққа жол берілмесі анық.

Бүгінгі таңда қоғам індетіне айналған сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін елімізде пәрменді шаралар қабылданып жатыр. Мәселен, бұл тұрғыда жыл сайын Президентіміз сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін арнайы мекемелер мен мамандарға қатаң тапсырмалар беруде. Заңсыз іс-әрекеттерге барғандарды қатаң жазалауды ұсынуда. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған сыбайлас жемқорлық туралы арнайы Заңның талабы бар. Қазақстан Республикасының заңдары барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты. Егер заң шеңберінен шығып, шектен тыс құқық бұзушылықтар орын алатын болса, ол үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза әкімшілік жауапкершілік пен шара тиісінше ҚР қылмыстық кодексінде көрсетілгендей қолданылатыны да баршаға аян.

Жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мерзімдік науқан емес, яғни, уақытша атқарылар шара емес, сол үшін заң шеңберінен аспай, қоғам дертіне айналған құбылыстың орын алуына жол бермей және алдын алу шараларын қарастырып, әркім мемлекеттік қызметкер деген атқа лайық болуы керек.

Қазіргі таңда мемлекетімізде бағыныштыларының сыбайластық әрекет жасағандары үшін басшының жауаптылығы туралы мәселе қойылып отыр. Мұның өзі, сөз жоқ, сыбайластықпен күресте қолданылып жүрген мемлекеттік механизмдегі маңызды да басты элементтердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл тұрғыда сыбайластықпен күресте бірқатар сапалық жаңа шаралар қарастырылған. Мемлекеттік қызметкердің өзіне белгілі болған сыбайластық құқық бұзушылық оқиғалары туралы хабарлау міндеті енгізіліп, сыбайластыққа қарсы әрекет шаралары жасалған.

**Сәтжан СЕЙІТКЕРІМ,
Көксу аудандық сотының
аға сот приставы.**

ҚАРАПАЙЫМ КЕМШІЛІКТЕРДІ ТҮЗЕСЕК...

Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру туралы айтуда да, жазуда да кемшін жоқ. «Қазақстанның Ұлт бірлігі» доктринасы соның жарқын дәлелі. Онда мемлекеттік тілді меңгеру бұдан былай «... әркімнің парызы мен міндеті» деп атап көрсетілген. Сондықтан, қазақ тілі өзіне лайықты тұғырына сай қолданылуы үшін билік пен бұқара тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс.

Әркім мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту жолында өзіндік үлесін қоса алатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Алысқа бармай-ақ, біз сот саласында күнделікті кездесіп жүрген мысалдар арқылы осы мәселедегі кемшіліктерді тілге тиек етсек, артық болмас. Мәселен, сот процестерінде талап арызын орыс тілінде берген азаматтың басты сот талқылауына алдын ала дайындық кезінде орысша түсінбейтінін айтып, аудармашы тағайындауды сұрайтын жағдайларды кездестіріп жүрміз. Сол кезде, соттың «Талап арызды неге қазақ тілінде бермедіңіз?» деген сауалына бұл талап арызды менің өкілім жазып берді, мен тек көшіріп қол қойып бердім деген жауаптарын да естіп жатамыз. Ал, сот талқылауы барысында жаңағы талапкердің өкілінің жетік меңгерген тілі орыс тілі екеніне көз жеткіземіз. Неге талап арызды қазақша жазатын өкіл алмадыңыз деген сұраққа, жаңағы қарапайым азамат мардымды жауап бере алмай жатады. Осылайша, барлық тарап қазақ болса да істің орыс тілінде жүргізіліп, аудармашы тартылып жататыны құпия емес. Егер осындай болмысы кемшіліктерге жол бермесе мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесі анағұрлым арта түсері даусыз. Сондай-ақ қылмыстық істерде де сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісінің тілі туралы қағидаттың сақталмауына байланысты бірқатар кемшіліктерге жол беріліп келе жатқаны құпия емес. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жәбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз кездеспейді. Сондықтан іс сотқа келіп түскенде, кейде жәбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отырған жағдайларды көп кездестіреміз. Бұған қоса қорғаушылар тарапынан қорғауындағы адамдардың өздерінің айтқандарына көндіріп, айдағандарына жүргізуге тырысатынын да кездестіріп жатамыз. Демек, осындай қарапайым кемшіліктерді түзетіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырғымыз келсе, бірінші кезекте қарапайым халықтың құқықтық сауатын ашуымыз қажет. Олар өздерінің конситуциялық құқықтарын, сотқа меңгерген тілінде, ана тілінде арыз беруіне, жауап беруіне құқығы бар екенін бастапқы тергеу амалдары кезінде толық пайдаланып, заңның бұрмалануына жол бермейтіндей дәрежеге жеткізу керек.

**Шәкірт КЕРІМТАЙ,
Талдықорған қалалық сотының жетекші
маманы-сот отырысының хатшысы.**

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

ПОРУЧИЛ ПРОДОЛЖАТЬ ДЕМОНОПОЛИЗИРОВАТЬ ЭКОНОМИКУ

КАК ПЕРЕДАЕТ SPUTNIK, ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ЗАСЛУШАЛ ДОКЛАД ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА ОБ ИТОГАХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ СТРАНЫ ЗА ЯНВАРЬ-ИЮЛЬ 2022 ГОДА.

Министерство просвещения Казахстана предложило увеличить сумму помощи, которую получат более 400 тысяч школьников из социально уязвимых слоев населения.

«Если ранее выделяемая сумма варьировалась от 17 до 40 тысяч, то в этом году по ходатайству Минпросвещения внесены изменения – сумма оказания помощи не должна быть ниже прожиточного минимума, то есть 37 389 тенге», – говорится в сообщении министерства.

Также по предложению местных исполнительных органов внесены изменения в механизм оказания помощи. Теперь денежные средства будут предоставляться родителям, чтобы они вместе с детьми могли самостоятельно выбрать школьную форму, обувь, канцтовары. Раньше все это приобреталось акиматами, и возникали проблемы, связанные с размером, качеством товаров.

В рамках фонда «Всеобуч» материальная помощь оказывается детям из семей, которые получают адресную социальную помощь, а также детям из семей, не получающих АСП, но у которых среднедушевой доход ниже прожиточного минимума. Финансовую помощь в преддверии нового учебного года также получат дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, школьники, которые оказались в чрезвычайной ситуации, и другие.

«Представители министерства просвещения не раз встречались с многодетными матерями, обсуждали вопросы с акиматами и, учитывая их пожелания, инициировали изменения в правила оказания помощи социально уязвимым детям. Мы внесли законодательные поправки для того, чтобы родители напрямую получали деньги на карточный счет и могли самостоятельно выбрать школьную форму, канцтовары и обувь для детей», – рассказал заместитель председателя Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Дулат Жекебаев.

Преимуществом этого является то, что ребенок сможет ходить в школу в том, что они выбрали вместе с родителями. Ранее закупом занимались сотрудники акиматов. В связи с этим ежегодно возникали проблемы с размером, качеством одежды, дети стеснялись ходить в ней.

Поскольку финансирование школ, в том числе и поддержка школьников, осуществляется акиматами, в этом году они направят всем детям, которым положена финансовая помощь, сумму в размере не менее 37 389 тенге. Это минимальная сумма, в то время как раньше суммы варьировались: они могли составить и 17, и 20, и 25 тысяч тенге.

«На сегодняшний день уже есть местные исполнительные органы, которые выделяют сумму больше минимальной. Мы только приветствуем это. Увеличение денежных средств, конечно же, лучшим образом скажется на более чем 418 тыс. детей, которые получат эту помощь», – отметил Дулат Жекебаев.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РК

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РК АЛИХАН СМАИЛОВ НА ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА ПОДЧЕРКНУЛ, ЧТО НЕОБХОДИМО ИСПОЛЬЗОВАТЬ ВСЕ ИМЕЮЩИЕСЯ СОВРЕМЕННЫЕ КОММУНИКАЦИИ И РЕСУРСЫ, ШИРОКО ОСВЕЩАТЬ КАЖДУЮ ВСТРЕЧУ С НАСЕЛЕНИЕМ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ МИА «КАЗИНФОРМ».

ДОЛЖНЫ ВЫСЛУШИВАТЬ ПРОБЛЕМЫ ЛЮДЕЙ, ИХ КРИТИКУ

«Принцип свободного доступа на встречи должен сохраняться. Глава государства подчеркивал важность принципа “слышащего государства”. Мы должны выслушивать проблемы людей, их критику», – сказал Алихан Смаилов.

Глава Кабмина подчеркнул, что людей волнуют простые вещи, происходящие здесь и сейчас. Только по итогам встреч населения с акимами всех уровней было поднято около 30 тыс. вопросов и предложений.

«Эти вопросы нужно решать. Люди должны видеть, что поднимаемые ими проблемы решаются. В связи с чем, до конца текущего года центральным и местным органам необходимо продолжить проведение всех запланированных встреч с населением в соответствии с утвержденным форматом и графиком. Используя все имеющиеся современные коммуникации и ресурсы, следует широко освещать каждую встречу, показывать то, что уже сделано, как будут решаться другие вопросы», – заключил Алихан Смаилов.

СИТУАЦИЯ

МИНИСТР ПОЖАЛОВАЛСЯ НА МОШЕННИКА

Министр пожаловался на мошенника, прикрывающегося его именем. Мошенник выдавал себя за министра индустрии и инфраструктурного развития и продавал должности в профильном министерстве, передает ИА «NewTimes.kz».

Об этом сообщил сам глава ведомства Каирбек Ускенбаев в своем Telegram-канале.

«Друзья! Сегодня участились способы мошенничества, связанных со звонками с незнакомых номеров. К примеру, ко мне обратились коллеги и рассказали о том, что поступают звонки якобы от моего имени. В ходе разговора им предлагали повышение по карьерной лестнице, а в случае отказа и непредоставления определенной суммы денег, грозились уволь-нением. Кроме того, мошенники просили ответить на поступившее предложение оперативно, ибо, по их словам, процедура согласования на ту или иную руководящую должность занимает достаточное количество времени», – написал министр.

Ускенбаев призвал всех быть бдительными и не поддаваться на провокации.

«Хочу также отметить, что назначение на руководящую должность осуществляется на основе конкурса, а также по согласованию с Уполномоченными органами, а не по звонку. Если Вы столкнетесь с подобной ситуацией, можете отправить мне в дайрект личное сообщение либо обратиться пресс-секретарю Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК», – добавил он.

ОБРАЗОВАНИЕ

ПООБЕЩАЛИ УВЕЛИЧИТЬ СТИПЕНДИИ СТУДЕНТАМ

Министр науки и высшего образования Саясат Нурбек сообщил, что количество грантов и размер стипендий увеличили в Казахстане, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Согласно поручению Главы государства увеличено количество грантов с 65 тыс. в 2020 году до 88 тыс. в 2022 году», – сказал Саясат Нурбек на заседании Правительства.

По его словам, также увеличивается размер стипендий студентам.

«Студентам бакалавриата предусмотрено 36 тыс. тенге, докторантам – 150 тыс. тенге. До 2025 года стипендии студентам увеличатся еще в 2 раза, магистрантам и докторантам – в 1,5 раза», – отметил министр.

«Основной акцент сферы высшего образования сделан на подготовку специалистов на уровне магистратуры – 5,8%, на уровне докторантуры – лишь 0,94%. Мировая практика показывает, что соотношение бакалавриата должно составлять от 30% до 45%, магистратуры – более 10%, докторантуры свыше 2%», – добавил Саясат Нурбек.

Ранее сообщалось, что свыше 600 тыс. человек обучились в казахстанских вузах в текущем году.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУДАН ТЫНЫСЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАРАТАЛҒА БАРДЫ

ОН СЕГІЗ ӘУЛИЕ МЕКЕНДЕГЕН ҚАРАТАЛ АУДАНЫ 1928 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН. АУДАННЫҢ ХАЛЫҚ САНЫ – 46 264. АУДАНДА 23 ҰЛТТЫҢ ӨКІЛІ, 35 ЕЛДІ МЕКЕН, 9 АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ЖӘНЕ БІР ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГ БАР. АУДАННЫҢ ЖАЛПЫ ЖЕР КӨЛЕМІ – 24 200 ШАҚЫРЫМ. АУДАН БОЙЫНША АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРІНІҢ КӨЛЕМІ – 463 685 ГЕКТАР. ОНЫҢ 22 328 ГА СУАРМАЛЫ ЕГІСТІК, 440 127 ГА ЖАЙЫЛЫМДЫҚ, 42 ГА КӨПЖЫЛДЫҚ ЕКПЕЛЕР. АУДАН БОЙЫНША АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ СУҒАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КАНАЛДАРДЫҢ КӨЛЕМІ 1997, 6 ШАҚЫРЫМ, ОНЫҢ ІШІНДЕ РЕСПУБЛИКА МЕНШІГІНДЕ 229 ШАҚЫРЫМ, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІНІҢ МЕНШІГІНДЕ – 1768, 6 ШАҚЫРЫМ ДЕП ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫНДА ТІРКЕЛГЕН. МЕМЛЕКЕТТІК АКТІЛЕРІ БАР.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Жетісу өңірін аралап, жұртпен жүздесіп жүр. Бұл жолғы кезек Ақын Темірғали Рүстембеков: «Күндіз күміс, түнде алтын» деп жырлаған Қаратал өзенінің аңғарындағы аудан халқымен кездесті.

Үш сағатқа жуық созылған кездесуде облыс басшысы тұрғындардың 30-дан астам сұрағына жауап берді деп облыс әкімінің баспасөз өкілдері таратуда. Облыс әкімі қай өңірге барып халықпен жүздессе де барлық өңір тұрғындары қойған сұрақтардың басым бөлігі – мал жайылымы, жер телімі, ауыз су, егістік алқаптарындағы су тапшылығы және әлеуметтік жол, газ құрылыс саласына қатысты қордаланып қалған сұрақтар қойылып жүр. Қаратал ауданындағы басты мәселелердің бәрі де осы салаларға қатысты болған. Сұрақтар негізінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына, жайылымдық жерлер мен суармалы су жетіспеушілігіне, жол жөндеу, әлеуметтік нысандар салу, газдандыру, жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау шараларына қатысты өрбіген. Аудан халқымен кездесуде өңір басшысы баяндама жасап, өңірдің өткен алты айдағы даму қорытындылары және ауданның басым бағыттары мен проблемалық мәселелеріне тоқталған. Алты айдағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,5 млрд. теңгені құраса, бірінші жартыжылдықта ауданның негізгі капиталына 26% өсіммен 2,9 млрд. теңге инвестиция тартылған. Сондай-ақ жыл басынан бері екі ірі жоба жоғары сапалы кремний өндіретін «KazSilicon» металлургиялық комбинаты және «АлматыЭнергоПроджект» компаниясының күн электр станциясы жобалары іске асырылғанын тілге тиек еткен әкім Бейбіт Исабаев ауданда жалпы 5,4 млрд. теңге инвестиция тартылып, 220 жұмыс орны ашылғанын айтты. Жыл соңына дейін ауданда тағыда 5 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отырғанын, жалпы Жетісу облысы бойынша биыл құны 50 млрд. теңгеге жуық 1,2 мың жұмыс орнын ашатын 53 инвестициялық жоба іске асырылуда деген өңір басшысы Қаратал ауданында жеміс-жидек, көкөніс өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарды, сүт-тауар фермаларын және бордақылау алаңдарын, жылыжайлар ашу үшін қолайлы жағдай жасауды аудан әкімдігіне тапсырды. Бүгінгі қоғамда жалпы республика бойынша өзекті мәселе болып отырған қолжетімді тұрғын үймен қамту мәселесінде де Қаратал ауданына жұмысты ширату керектігін айтқан облыс әкімі Бейбіт Исабаев ауданда құрылыс саласында тұрғын үйлерді іске қосу 1,5 есе азайғанын сынға алды. «Соған қарамастан сіздер облыстық бюджетке Үштөбе қаласындағы 30 пәтерлі бір ғана үйдің құрылысына өтінім беріп отырсыздар. Мәселен, Сарқан ауданы әкімінің тұрғын үй құрылысына қатысты жақсы жоспарлары бар. Олар бюджет есебінен ғана емес, жергілікті кәсіпкерлерді тарта отырып жаңа үйлер салуға ниетті. «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингімен де өзара байланыс орнатқан, керек болса, әріптестеріңізбен сөйлесіп, тәжірибе алмасыңыздар», – деді өңір басшысы.

Бұдан кейін аудандағы түйіні тарқатылмай келе жатқан ауыз су мәселесіне ойысып, 2021 жылы Тастөбе, Бесағаш, Бірлік ауылдарын ауыз сумен қамту жұмыстары құрылысының ЖСҚ-сы әзір екені, бүгінгі күні конкурстық процедуралар жүріп жатқанын, Көпбірлік ауылы маңынан жер асты суының қорын іздеу, барлау жұмыстарына да конкурс жариялауға қажетті құжаттар дайындалуда деді. Оқырмандардың назарында болса, тура осы Көпбірлік ауылының ауыз су мәселесі туралы өңірдің ақпарат құралдары сыни мақала жариялаған болатын. Ондағы ауылға тартылған ауыз судың ащы екені жайлы айтылған-ды. Кезінде жер асты суларын тарту кезінде жіберілген қателіктердің зардабын ауылдықтар тартып, оған қайта-қайта фильтр ауыстыруға қыруар қаржы кеткенін ақпарат құралдары басты тақырып етіп көтерген-ді. Енді міне, сол ауыз су мәселесі жаңа сайланған Жетісу облысының әкімі Бейіт Исабаевтың да алдынан шығып тұр. Экс-әкімдердің ешқайсысы Көпбірлік ауылындағы ауыз су мәселесін толық шеше алмаған-ды. Облыс әкімімен кездесуде аудан тұрғындарының жол сапасына қатысты айтқан арыздары да аз болмаған. Осыған байланысты биыл Ұмтыл, Жасталап, Жаңаталап ауылдарының арасындағы жолдарды жөндеуге 1,6 млрд. теңге бөлінгенін, ауданның 4 елді мекенінің

көшелерін жөндеуге 254 млн. теңге бөлініп, 9 шақырымның 2,5 шақырымы жөнделген. Күріш даласы, Бастөбе ауылдарындағы 4 көпірге күрделі жөндеу жасаудың техникалық құжаттарын дайындауға 4,7 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары 2023 жылы басталады деп жоспарлануда. Аудандағы күре жолға қатысты да ауыз су мәселесі көтерілген, өңір Көпбірлікке қатынайтын жолдың сапасыз салынып жатқанын айтып, ауыл тұрғындары облысты Амандық Баталов басқарып тұрғанда ақпарат құралдарына жүгінген болатын. Осымен аудан тұрғындарымен екінші мәрте кездесіп отырған өңір басшысы алғашқы кездесуде көтерілген 10 мәселенің шешілгенін айтты. «Осы жолғы айтылған мәселелердің де барлығы хаттамаға енгізіліп, соның негізінде нақты шаралар қабылдаудың іс-қимыл жоспары дайындалады», – деді облыс әкімі Бейбіт Исабаев. Аудан тұрғындарымен кездесуде аудандағы ірі жер иеленушілер-дің пайдаланылмаған жерлерін қайтару туралы жұмыстар белсенді жүргізілуі тиіс деген өңір басшысына аудан тұрғындары жайылымдық жердің жетіспеушілігін айтқан. Жайылымдық жер мәселесіне қатысты ауданда біршама ауыл шаруашылығы жерлері ірі жер иеленушілердің қолдарында болғанын айтып, олардың аттарын атап, түстерін түстеген-ді. Мәселен, «Шығыс Қаратал», «Бақыт Қаратал», «Үштөбе», «Опытное», «Текелі» серіктестіктері мен басқа да бірқа-тар шаруашылық қожайындарының аттары аталды. Аэроғарыштық зерттеулердің деректеріне сәйкес, Қаратал ауданында пайдаланылмай жатқан 804 га егістік, 74,8 мың га жайылым жер анықталған. Алайда жергілікті әкімдік тарапынан аталған жерлерді айналымға тартуға бағытталған ешбір шара қабылданбағанын сынға алды. Осы ретте облыс басшысы пайдаланылмаған алқаптар-ды қайтарып, жерді мақсатты игере алатын азаматтарға беру керектігін қадап айтып: «Бұл мәселені қағаз жүзінде қалдырмай, кабинетте отырмай ауылдарға барып көріңіз», – деп аудан әкімі Ерлан Шойұлы Исабековке тапсырды. «Аудан әкімдігі бұл жағынан мандытып жұмыс жүргізбеген. Бұлай болмайды!», – деді ол. Бұл ретте аудан әкімдігіне тиісті сала мамандарымен және құқық қорғау органдарымен бірлесіп, игеріл-мей тұрған ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекетке қайтару шараларын шұғыл қолға алу қажеттігін айтты. Ірі жер иеленушілердің жиынға қатысқан өкілдеріне де бұл мәселе басты назарда болатынын ескертті. Бұдан кейінгі тағы бір өзекті мәселе аудандағы механикалық тазалау арқылы сурамалы су жетіспеушілігі төңірегінде атқарылып жатқан іс шаралар сөз болды. Аудандағы суармалы су жетіспеушілігін болдырмау мақсатында Қаратал өндірістік учаскесінің күшімен аталған ауданның Жолбарыс батыр, Ескелді би, Елтай ауылдық округтерінде 44 шақырым канал тазартылған. Жалпы аудан бойынша ұзындығы 2 мың шақырым ауыл шаруашылығы каналдарын тазалау мәселесі өзекті болып отыр. Соның 229 шақырымы республикалық меншіктегі, 1,7 мың шақырым жергілікті атқарушы органдардың меншігіндегі каналдар. Диқан қауымы үшін бас ауыртып, балтыр сыздатып отырған бұл күрмеу республиканың барлық өңірінде бар. Алайда жеті өзеннің сағасында отырған Жетісу диқандары үшін де су мәселесі жылдар бойы толық шешімін таба алмай келеді. Осы бағытта Қаратал ауданында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың аудан тұрғындарымен кездесуі кезінде тағы да басты мәселе болып көтерілді.

Бұл мәселе жөнінде тамыз айында алғашқы кезеңі ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру жұмыстары басталады, бұл туралы келісімге қол қойылған. Жалпы ұзындығы 193,4 шақырым Тасарық, Күркілдек, Сыртоған, Қараменде сияқты суару каналдары жөндеу-ден өтеді. Жобаның жалпы құны – 4 млрд. теңге. Биыл республикалық бюджеттен бірінші кезеңіне 1 млрд. теңге бөлінді, жұмыстар келесі жылы аяқталады. Бұған дейін де облысты басқарған экс-әкімдерге су жетіспеушілігін Тентек өзеніне бөгет салу арқылы да шешуге болады деп ұдайы айтып жүрген аудан тұрғындары жаңа әкімге тағы да айтты. Бұл тұрғыда облыс әкімі Бейбіт Исабаев қазіргі кезде бөгет салудың жобалық-сметалық құжаттары дайындалып жатқанын тілге тиек етті. Оған қоса ұзындығы 10,5 шақырым Аққайыр каналын механикалық тазалауға жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, құжат мемлекеттік сараптамадан өтуде. Осы орайда канал аса шалғай жерде орналасқандықтан облыс әкімі бұл жобаның іске асырылуына ерекше қырағылықпен қарауды тапсырды.

Тастөбе ауылының тұрғыны түсіру арнасына механикалық тазалау жүргізудің маңыздылығы туралы сөз қозғады. Өңір басшысы бұл мәселенің назарға алынып хаттамаға енгізілгенін айтты. Аудан тұрғындарымен болған жиында көп балалы аналар Қаратал ауданы әкімінің жұмысына көңілдері көншімейтінін жайып салды.

Олар әкімнің алдына бірнеше рет келгенімен аудан басшысы олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге жеткілікті көңіл бөлмегенін айтқан. Көпбалалы аналар көтерген мәселелердің көпшілігі сатып алу құқығы берілмейтін жалгерлік үйлердің күрделі жөндеуіне, салынған балалар алаңын қолайлы орынға ауыстыруға, тұрғын үй құжаттарын рәсімдеуге, ай сайын берілуі тиіс мемлекеттік әлеуметтік пакет тақырыбына қатысты шағымдарын айтты. Бейбіт Исабаев бұл жалгерлік үйлердің нақты жағдайын анықтау үшін алдымен арнайы жұмыс тобын құру керектігін, комиссия үйге қандай жөндеу жұмыстары қажет екенін, оған кететін шығынды нақтылауы тиіс.

«Бұл мәселені менің орынбасарым Жеңіс Шылбынұлы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы, тұрғын үй инспекциясы бірлесіп зерделеп көрсін. Кәсіпкерлермен сөйлесіп, демеуші тарта отырып мәселені шешу жолдарын қарастыру керек. Облыс әкімдігі тарапынан істің оң шешілуіне көмектесейік, бірақ бұдан кейін мұндай мәселені аудан өз деңгейінде қарастыруы тиіс», – деп ескертті.

Облыс әкімі қатысқан жиында ауданның құрылыс саласында жеке кәсіппен айналы-сатын Бек Мыңбол деген азамат бір көп-балалы отбасының үйін жөндеп беруді өз мойнына алуға дайын екенін айтты. Көпбалалы аналардың шағым, сауалдарына қатысты облыс басшысы аудан әкіміне халықпен тіл табыса жұмыс істеу керектігін алға тартты. «Мен сіздің қандай маман екеніңізге қазір баға бере алмаймын. Сізге баға беретін халық. Тұрғындардың аудан әкімдігіне шағымы көп, оларға сенбеуге менің хақым жоқ. Келгеніңізге көп болмаған шығар, енді бейімделіп жатқан шығарсыз. Бірақ жұмыс істеңіз», – деп қадап айтты. Аудан тұрғындарымен болған бұл жиында көгілдір отынға қатысты мәселе де қозғалды. Үштөбе қаласы 2024 жылы сұйық газбен қамтылады. Ал биыл жыл соңына дейін Қанабек ауылына беріледі деген облыс әкімі Бейбіт Исабаев газ мәселесін көтерген тұрғындарға Үштөбені газдандыру биыл басталады, жоба келесі жылы да жалғасып, 2023 жылы жұмыстарды шамамен 60% жеткіземіз. Газ жүргізу 2024 жылы толық аяқталады. Жалпы ауданда 46 мыңнан астам тұрғыны бар 17 елді мекен газдандыруға жатады. Бастөбе, Жаңаталап, Ескелді би, Қызылжар, Ортатөбе, Фрунзе, Оян, Кәлпе, Көкдала, Тастөбе ауылдарын газдандырудың жобалық-сметалық құжаттары дайын. Қалған 5 елді мекенде газдандыру жұмыстары 2026 жылға дейін аяқталады. Сондай-ақ газға қосылу құнын сұраған аудан тұрғындарына, газ қазандығы мен есептегіш құрал және басқа да қосалқы жабдықтарды қоспағанда қазір газға қосылу бағасы 170-350 мың теңге арасында. Осыған орай «ҚазТрансГаз» АҚ және мердігер ұйымдармен газға қосылу құнын төмендету туралы келісімдер жүргізіліп жатқанын айтты.

«Бұта түбі – бір табақ ет» деп желмаямен жортып жүріп Жетісу өңірін көзі шалған Асан Қайғы бабамыз айтыпты деген әпсана, аңыз, құмды өңір, жыңғыл мен сексеуілді мекен. Қаратал ауданының қойнауы ырыс, құтқа толы қасиетті аймақ. Өзекті өртер өкініші осы қасиетті де киелі өлкеге әкім тұрақтамай қойды. Аудан әкімдігі жи-жиі ауысады. Келген әкімдердің кеткені тез болып жатады.

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАЛ ҰРЛЫҒЫ

Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргендер, жандарын қинамай олжа тауып жүр. Бай-қуатты, дәулетті өмір сүргісі келгендер маңдай терін төгіп, мал жинап, егін егіп, белі бүгілсе, адал асы бойына сіңімді болар еді. Ар мен иманды жиып қойып, бөтеннің мүлкіне көз алартқандар қарапайым шаруаларға қырғидай тиюде.

АҚСУ АУЫЛЫНДА

бес жылда 73 қылмыстық іс тіркелген

«Ел жатса да, енекем жатпайды» дегендей, күндіз де, түнде де жорытқан ұрылар қорадағы және өрістегі малға дала тағысы қасқырдан бетер шабатын болған. Ақсу ауданының тұрғындары мал ұрлығына қатысты көз жастарын көлдеткенде етектері толады. Жылқыны үйірлеп, ірі қараны табындап, ұсақ малды қолтығына қысып кете беретін ұрылардан әбден зәрезап болғандарын айтуда. Қорғаным болады деген полициядан да көңілдері қалғандарын айтып, ақпарат құралдарына жүгініп жүр. Төрт аяқты қасқырдан, екі аяқты қасқырлардың қорлығы өтіп кеткендерін айтқан Ақсу ауылының шаруалары «шағын несиеге мал алып, соның басын көбейтіп, күнелтеміз бе деп едік, ұрылар етек-жеңімізді жидырмады», – дейді. Мал ұрлығына қатысты полициялардың да өз айтары бар. Өрістегі малды қараусыз қалдырады. Мал соңында адам жүрмегесін ұрылар еркінсиді, аңызда жүрген иесіз малды айдап кете барады. Ұрлық малдың ізіне түсіп табу да ұзақ уақытты алады. «Өзіңе-өзің берік бол, қошнаңды ұры тұтпа» деген тәмсілді малмен күн көріп отырған ауылдықтардың бәріне айтамыз. Алайда малдарын ұрлатқандардың көбі өрістен жоғалтқандар. Ол қылмыстың ашылуы да қиындық туғызуда. Әрі оны ашу жылдарға созылуы мүмкін екенін жасырмайды. Мал өсіріп әрі сол малдарын ұрлатқандар: *«Біз дер кезінде полицияға хабарласып, арыз жазамыз. Бірақ одан шығып жатқан нәтиже аз, полицияның өздері сол ұрылармен байланыста ма деген күмәніміз бар. Әйтпесе, неге ұрлық әшкереленбейді. Мынау деген сұмдық болды, бетіне қарап отырған малымыздан ай мен күннің аманында айырылып қалатын болдық»,* – деп көгілдір экран жаңалықтарында мұң-зарларын айтады.

Ұры жалғыз болмайды. Өрістегі малды ұрлағандар оны міндетті түрде көбіне сойып, сатуға тырысады. Ол үшін базарлардан ет саудасымен айналысатындармен байланыс жасайды. Мұндай оқиғаларды полиция тергеушілері де анықтап, талай мал ұрлығын әшкерелеген. Болмаса, бір мемлекет шекарасынан асырып, екінші көрші мемлекеттегі ұрыларға айдап апарып беретін ұрылар да ұсталған. Мәселен, Қырғыз, Оңтүстік өңірлерінің ұрықарылары көрші Өзбекстанға мал айдағандарын топ-тобымен ұстап, жауапқа тартылған болатын. Мал ұрлығымен ұсталып істі болғандар абақтыдан шыға салып, сол жымысқы әрекеттерімен қайта айналысатындары да баршылық. «Мұны қазақ «ауру қалса да әдет қалмайды» деп тәмсілдеген. Мәселен, Ақсу ауданына қарасты Ақсу ауылында соңғы бес жылда жалпы 73 қылмыстық іс тіркелген. Оның ішінде, 52-сі, ҚРҚК-нің 188 бабы – 1 бөлігі (мал ұрлау) бойынша тіркеліпті. Тіркелген фактілер бойынша 35 қылмыстық іс аудандық полиция күшімен ашылған. «Осы арада ауыл тұрғындарының мал ұрлығы ашылмай қалады деген шағымдарының негізсіз екенін де айтамыз», – дейді Жетісу облысының Ішкі істер департаментінің баспасөз өкілі Көбей Нұрахмет. Зардап шеккен ауыл тұрғындарының 60 бас ұрланған малы табылып, иелеріне қайтарылды. Оның 44-тен астамы ірі қара мен жылқылар. Ақсу ауылы тұрғындарының шағымы, сонымен қатар қалған істердің жедел іздестіру шаралары қазіргі уақытта облыстық полиция департаменті мен Ақсу аудандық полиция басшылығының ерекше бақылауына алынды. Жалпы аудан аумағында қылмыстың ашылуы соңғы үш жылда жақсарып келеді. Ағымдағы жылдың жеті айында Ақсу ауданында қылмыстың ашылуы 80 пайызды құрады. Көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 19 пайыз жоғары. Қазіргі таңда мал ұрлығының алдын алу мақсатында аудан тұрғындарына өздеріне тиесілі малдарына «ДЖПЭС ТРЕКИР» орнату, сонымен қатар тіркелмеген малдары болған жағдайда тіркеуден өткізу қажет екендігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Қараусыз жайылымда жүрген малдардың иелеріне ҚР ӘҚБК-не сәйкес әкімшілік жауапқа тартылатындығы туралы ескертпе жұмыстары жүргізілді. Жетісу облысының полиция департаменті баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, жыл басынан бері қараусыз қалған мал иелеріне ҚР ӘҚБК-нің 408 бабы бойынша 170 әкімшілік хаттама толтырылған. Осы тұста мал басын өсіргісі келген шаруалар мал санын жасырып, оны тіркемей әрі ұрлатып алса, кімге өкпелейді деген заңды сұрақ та туындайды. Малына мал қосылған соң оны есепке тіркетіп, тиісті алым-салығын төлеп тұрса, шаруаның да жүзі жарық, әрі жоғалған жағдайда құзырлы органдарға шағымданып, сұрауға құқылы емес пе? Егер де малы сырғаланып, полиция қызметкерлері айтқандай «ДЖПЭС-ТРЕКИР» орнатса, онда мал ұрлығы да сап тиылуы бек мүмкін. Өйткені арнайы таңбамен ұрланған мал айғақталады. Полиция баспасөзінің берген ақпаратына зер салсақ, жыл басынан бері Ақсу өңірінде жайылымда қараусыз қалған мал иелеріне 170 хаттама толтырылыпты. Демек ауыл тұрғындарының өздері де тұяқты малға шынайы жауапкершілікпен қарамайтынын фактілер айғақтап тұр. «Ұрлық түбі қорлық» деген. Ұсталған ұрылар да тиісті жазасын заң алдында алады. Алайда сол ұрлықпен тапқан табысы ұры-қарылардың өздерін және бала-шағасына жұғымды болмайтынын барымташылардың өздері айтады. Баяғыда бір ұры «ет тәттілігін қойса, мен ұрлығымды қояр едім» деген екен. Ауыл-аймақты қан қақсатып күн көрісіне жаратып отырған төрт-түлігін айдап әкететін ұрыларда ынсап жоқ. Ерте ме, кеш пе бір тұтыларын білмейді емес, біледі. «Ары кетсе төрт-бес жыл арқалармыз» деп түрмеге қайта-қайта түсіп, дәнігіп алған ұрылардың тіпті абақтының арғы жағында отырып, сырттағы сыбайластарымен ымыраласып, ұрлыққа баскөз болып отырғандар жайлы да сұмдық оқиғаларды әшкерелеген полиция қызметкерлерінің қырағылығын жоққа шығаруға болмас. «Бес саусақ бірдей емес». Бұлардың арасында ұрылармен жең ұшынан жалғасқандары бар шығар. Мал ұрлығы көбінесе күзде және соғым уақытысында ушығатын. Кейінгі оқиғаларға қарасаң жылдың төрт мезгілінде

ұрылар малға қасқырдан бетер шабатын болған. «Бір ойды, бір ой қозғайды» демекші, облыс екіге бөлінбей тұрғанда мал ұрлығына қатысты, Талғар ауданының тұрғындары да ұлардай шулап, тіпті ұрылардың аты-жөндерін атап, түсін түстеп полицияға апарсақ шығарып жіберді деп шуылдаған болатын... Жалпы 2022 жылы мал ұрлығы 32,7 пайызға азайып, 474-тен 319-ға қысқарған. 573 бас мал иесіне қайтарылған деп мәлімдейді ІІМ криминалдық полиция департаменті. Сондайақ 2021-2023 жылдары мүлікті қорғауға бағытталған жаңа бағдарлама мақұлдаған Ішкі істер министрлігі мал ұрлаудың алдын алуға бағытталған шаралар қарастырылғанын айтады. Өңірлерде осы салаға қатысты шараларды бағыттап отыратын ведомствоаралық топтар құрылған, қылмысы көп аудандa мобильді бекеттер қойылған, бос жүрген малдарға арналған қорды көбейту жұмыстарын жүргізген. Республика бойынша бос жүрген малдарға арналған 217 арнайы орын барын, наурыз айында мал ұрлығы кезекті жедел алдын алу іс шарасы ұйымдастырылып, оған 4000 полиция қызметкері мен ауыл шаруашылығы басқармасының 308 маманы жұмылдырылғанын, жедел шара кезеңінде мал тасымалдайтын 15 220 автокөлік пен 6525 сату орны тексерілгенін мәлімдепті. Бұдан бөлек, 11875 шаруа қожалықтары мен жайылым учаскелерінде жұмыстар жүргізіліпті. Наурыз айынан кейін мұндай көлемді шаруа республика, облыс бойынша да қолға алынбағанын аңғардық. Біздің қоғамда бір науқан басталса «әп» дегенде жұмыла кірісіп, ұрандатып, алаулатып, сонан соң қызыл жалынға су сепкендей басылып қалатын әдет бар. Жалпы мал ұрлығына қатысты әлі толық еншісін бөліп алмаған Алматы және Жетісу облыстары бойынша 2022 жылдың бірінші жарты жылдығында Алматы облысы соттарына мал ұрлығына қатысты 39 қылмыстық іс түскен. Апелляциялық алқада 31 тұлғаға қатысты 14 қылмыстық іс қаралып, 11 тұлғаға қатысты 3 іс бойынша үкімнің күші жойылып, 3 тұлғаға қатысты 2 іс өзгертіліп, 17 тұлғаға қатысты 9 іс өзгеріссіз қалдырылған. Аудандық және оған теңестірілген соттармен 31 іс аяқталып, 22 іс үкім шығарумен аяқталса, 2 іс тараптардың татуласуымен аяқталып, 7 іс соттылығы бойынша жіберілген.

А. БҰЛҒАҚОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 15 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.35 Әнұран
06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25 «Мәселе»
07.00 Т/х «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 20.00, 02.30 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 13.10, 20.30 Т/х «Аққауын»
14.10 «Қызық екен»
15.00 «Әнім сен едің...» Шәмші Қалдаяқовтың әндері
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.30 Т/х «Таңшолпан»
00.20 «Егіз лебіз»
03.05 Д/ф «Шаңырақ»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Березка»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Эмпайр Стэйт»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-2»
13.00 Новости
13.10 Т/х «Бақталас»
15.00 «Алтыбақан»
18.00 Мегахит «Вальдо»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бәсеке»
22.30 Т/х «Аға»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Ене»
12.20, 00.10 «Чосонның жаңа күні»
13.45 Х/ф «Жас қырандар»
15.00 Т/х «Динозавр»
17.00 «Жұмбақтаймс»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
19.25 Т/х «Құрақ»
20.00, 02.40 «Astana Times»
21.00 Т/х «Жылама ана»
01.50 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 Т/с «Прощай, любимая»
14.00 Новости
14.15 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Чужой район-2»
00.50 Х/ф «Брежнев»
02.15 Новости
02.35 «Паутина»
03.35 ЖАҢАЛЫҚТАР
03.50 «Паутина»
04.35 «Басты жаңалықтар»
05.00 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Мама»
09.25 Т/х «Чума»
11.15 Т/с «Пробуждение любви»
15.00 «Көріпкел»
16.00 Т/с «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 Т/с «ШЕФ»
23.40 Т/с «Проспект обороны»
01.30 Т/с «Одиночка»
02.15 Т/с «САОДАТ»
03.15 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 «Құйынды мекен»
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «QR.kz»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 Әзіл студио
06.30 Д/ф «Ұлттық жоба»
07.00, 05.00 Ризамын
07.30, 01.40 «31 әзіл»
08.30, 00.40 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/х «Маша и медведь»
11.00, 12.10 Сериал «Отель Элеон»
13.20 Х/ф «Обитель зла-4»
15.30 Х/ф «Интернэшнл»
18.00 Х/ф «Дети шпионов»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Час расплаты»
02.00 What s upp?
03.00 Сериал «Базарбавтар»
04.30 «1001 әзіл»
05.00 Balla Battle
05.20 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 23.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.30, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
11.10, 19.30 Т/с «Балабол»
13.20 Т/х «Тақиясыз періште»
14.40, 22.00 Т/х «Жаралаған жүректер»
15.40, 01.00 «Гадалка»
16.10, 00.00 «Полицейский с Рублевки»
01.40 Т/х «Тек қана қыздар»
02.40 «Оян, Қазақстан!»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 16 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.25 Әнұран
06.05«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 02.20 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 13.10, 20.35 Т/х «Аққауын»
14.10 «Қызық екен»
15.00, 02.55 Д/ф «Тіршілік»
15.30 «Ауылдастар»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.30 Т/х «Таңшолпан»
00.20 «Егіз лебіз»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Т/с «Березка»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Вальдо»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-2»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Аға»
15.00 «Алтбықана»
18.00 Мегахит «Летучий отряд Скотланд Ярда»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туыңды тарихы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бәсеке-2»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Ене»
12.20, 00.10 «Чосонның жаңа күні»
13.40 Х/ф «Жас қырандар»
15.00 Т/с «Громовы. Дом надежды»
16.15 «Сырты бүтін»
17.00 «Жұмбақ таймс»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
19.25 Т/х «Құрақ»
20.00, 02.40 «Astana Times»
21.00 Т/х «Жылама ана»
01.50 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 На самом деле
12.00 Сериал «Магомаев»
13.05 Т/с«Семейный альбом»
14.10 Новости
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Чужой район-2»
00.50 Т/с «Брежнев»
02.15 Новости
02.30 «Паутина»
03.30 ЖАҢАЛЫҚТАР
03.40 «Паутина»
04.25 «Басты жаңалықтар»
04.50 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Мама»
09.25 Т/с «В плену у прошлого»
11.15 Т/с «Проспект обороны»
13.00 Т/с «ШЕФ»
15.00 «Көріпкел»
16.00 Т/х «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 Т/с «ШЕФ»
23.40 Т/с «Проспект обороны»
01.30 Т/с «Одиночка»
02.15 Т/с «САОДАТ»
03.05 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Сегодня» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.10 Әзіл студио
06.30 Д/ф «Ұлттық жоба»
07.00, 05.00 Ризамын
07.20 Информбюро
08.20, 01.00 Т/с «Ханшайым»
09.20 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/х «Маша и медведь»
11.00, 12.10 Сериал «Отель Элеон»
13.20 Х/ф «Дети шпионов»
17.35 Х/ф «Час расплаты»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Второй шанс»
02.00 What s upp?
02.30 Сериал «Базарбавтар»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 02.40 «Оян, QAZAQSTAN» Music
06.50, 23.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
07.50, 13.20 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
11.10, 19.30 Т/с «Балабол»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40, 01.00 «Гадалка»
16.10, 00.00 «Полицейский с Рублевки»
01.40 Т/х «Тек қана қыздар»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 17 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.40 Әнұран
06.05, 03.20 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 02.20 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00, 13.10 Т/х «Аққауын»
14.10 «Қызық екен...»
15.00 «Тұлға» д/ф
15.30Д/ф «Шекарашылар»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы арыстан»
20.35 Т/х «Күйеу бала»
22.30 Телехикая «Өмір ызғары»
23.30 «Көңілашар»
00.20 «Егіз лебіз»
02.55 Д/ф «Мұра»

ХАБАР

05.00,01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Березка»
07.00 Тікелей эфирде «Оян»
10.00 Мегахит «Вымогательство»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер-3»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Аға»
15.00 «Алтыбақан»
18.00 Мегахит «Кодовое имя Джеронимо»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Д/ф «Границы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бәсеке-2»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Ене»
12.20, 00.10 «Інкәр сезім»
13.45 Х/ф «Жас қырандар»
15.00 Сериал «Громовы.Дом надежды»
16.15 «Сырты бүтін»
17.00 «Жұмбақ таймс»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
19.25 Т/х «Құрақ»
20.00,02.40 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
01.50 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «Магомаев»
13.05 Мелодрама «Семейный альбом»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал «Чужой район-2»
00.50 Ночной кинотеатр «Брежнев»
02.15 «Новости»
02.30 «П@утина»
03.30 «Жаңалықтар»
03.40 «П@утина»
04.25 «Басты жаңалықтар»
04.50 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.20 «Ақмама»
09.25 Мелодрама «В плену у прошлого»
11.15 Мелодрама «Проспект обороны»
13.00 Дет. Драма «Алмазный эндшпиль»
15.00 «Көріпкел»
15.50 Т/х «Сенсіз өтпес күндерім»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 Дет. Драма «Алмазный эндшпиль»
23.30 Мелодрама «Проспект обороны»
01.20 Мелодрама «Одиночка»
02.00 Т/х «Сенсіз өтпескүндерім»
03.15 «Көріпкел»
04.00,04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.20 « Әзіл студио»
06.20 Деректі фильм «Ұлттық жоба»
06.50, 05.00 «Ризамын»
07.20 «Информбюро»
08.20, 00.40 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
09.20 Т/х «Зейнеп»
11.10, 12.20 Сериал «Отель «Элеон»
13.2 0 Х/ф «Дети шпионов-3»
15.20 Кино «Лара Крофт:расхитительница гробниц»
17.35 Кино «Лара Крофт:расхитительница гробниц-2»
20.00 Информбюро
21.00Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Миссия невыполнима»
01.40 What's up?
02.20 Сериал «Базарбаевтар»
03.50 «1001 әзіл»
04.10 Бала батл
04.40 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30, 02.40 «Оян, Қазақстан!»
06.50, 23.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
07.50, 13.20 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 17.20 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40, 01.00 Сериал «ГАДАЛКА»
16.10, 00.00 Сериал «Полицейский с рублевки»
01.40 Т/х «Тек қана қыздар»
03.00 «Тамаша»
04.00 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АҚМАРАЛ

ДӘРІСІ – ДӘРУ, СӨЗІ – ШИПА АҚМАРАЛ НҰРАЛИНОВА БАЛА ШАҒЫНАН ФЕЛЬДШЕР МАМАНЫ БОЛСАМ ДЕП АРМАНДАДЫ. ОНЖЫЛДЫҚТЫ ТӘМАМДАҒАН СОҢ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ УЧИЛИЩЕГЕ ТАПСЫРЫП, 1993 ЖЫЛЫ ДИПЛОМ АЛДЫ. ОСЫЛАЙША КЕҢЖЫРА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯСЫНА ҚАРАСТЫ ТАРАС АУЫЛЫНДАҒЫ ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК ПУНКТТЕ ФЕЛЬДШЕР БОЛЫП ЕҢБЕК ЖОЛЫН БАСТАДЫ. КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ЖОЛЫНДА ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕДІ.



– Дәрігер болуды арман ететіндер өте көп қой. Алайда, екінің бірі дәрігер бола алмасы анық. Ол үшін дәрігерлік қызметке деген қызығушылық пен мамандық алу ғана жеткіліксіз. Сондай-ақ, олардың адам өміріне жауапты қызметіне деген құлшынысы мен адалдығы, адамдығы маңызды. Өз басым дәрігер емес, фельдшер маманы боламын деп армандадым. Бұл мамандыққа кішкене күнімнен қызығушы едім. Қызығушылығым мақсатыма айналып, осы маман иесі болдым. Өмірде екі нәрседен қателеспеу қажет дейді. Бірі – өмірлік жар таңдау болса, екіншісі – мамандық. Мен екеуінен де жаңылмаған, бақытты жанмын. Жұмысым – менің сүйікті ісім. Ал науқастың алғысын алу деген үлкен мәртебе. Ризашылық білдірген науқастың шынайы ілтипатын естігенде бұл мамандықты таңдағаныма қуанамын, – деген Ақмарал Иембергенқызы әңгіме желісінде алғашқы еңбек жолында тәлімгерлік еткен Майра Исаеваның есімін ерекше атап өтті.

– Жұмысқа алғаш тұрған күнімнен Майра Исаевадан көп тәлім алдым. Медицинаны оқудан бөлек, тәжірибе жүзіндегі бағыт тіптен өзгеше ғой. Білікті де, тәжірибелі маманның арқасында біраз дүниені үйрендім десем болады. Еңбек жолымда осындай тамаша адамды жолықтырғаныма қуанамын әрі мақтанамын, – дейді ол.

Қазіргі таңда Тарас ауылында 400-ден астам адам тұрады. Оның 100-ге жуығы 14 жасқа дейінгілер. Кейіпкеріміздің айтуынша, Кеңжыра дәрігерлік амбулаториясына қарайтын фельдшерлік пункттің жайы көш ілгері. Ауыл халқының арқасында екі жыл бұрын күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қазіргі таңда ауылдағы кәсіпкер азамат Төлеген Мақашов жаңа медпункт салуды қолға алыпты. Бұйыртса жөндеу жұмысы биыл аяқталады деп күтілуде екен.

– Бұл ауыл адамдарының кең жүректілігін білдірсе керекті. Қазақ «Туған жеріңе туыңды тік» деп бекер айтпаған ғой. Осындай қамқорлық танытып жатқан ауыл адамдарының денсаулығын сақтау жолында біз де өз көмегімізді көрсете алып жатсақ, одан асқан бақыт болмас, сірә, – дейді жоғары санатты фельдшер.

Мамандығын сүйетін білікті жоғары санатты маман отбасында аяулы жар, үш баланың анасы. Тындырымды тірлігінің арқасында аудандық деңгейдегі құрмет грамоталарымен, аурухана тарапынан алғыс хатпен марапатталған. Еңбектің еленіп, алғыс болып қайтқанына қуанатын маманның мамандығына деген құрметі үлгі алуға тұрарлық.

Сарби ӘЙТЕНОВА
АҚСУ АУДАНЫ

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

MIT-де ЖАЗҒЫ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТТІ

Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Санжар Тұрғанбек өзін бақыттымын деп есептейді. Жоғары оқу жетістіктері үшін мектеп оған АҚШ-та, Массачусетс технологиялық институтында (MIT) жазғы тіл курстарынан өтуге мүмкіндік берді.

Көрнекті оқытушылар мен профессорлардан білім алу мүмкіндігі Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ерекше белгілерінің бірі болып табылады. Ал бұл мүмкіндік тек үздіктерге беріледі. Жазғы курс алты аптаға созылды.

Тыңдаушылар жобаларымен 4–5 сағаттан жұмыс істеп, содан кейін инженерия, физика, химия саласындағы мамандардың дәрістерін тыңдады.

Санжардың айтуынша, бағдарлама өте қарқынды болды.

Ол – болашақ IT-маман, сегізінші сыныптан бастап информатикадан олимпиадалық резервке енген, информатика пәнінен халықаралық Жәутіков, республикалық олимпиадаларының жеңімпазы. MIT зертханасында жасалған «InferenceQL» программалау тілінің зерттеуімен айналысты. Ол өзінің ғылыми көмекшісі, тәлімгер Кэмерон Фрилермен бірге «Crosscat» жасанды интеллект үлгісімен жұмыс істеді. Зерттеу барысында осы үлгіні талдап, жұмыстың дұрыстығын анықтап, қорытынды жасай алды.

– Көптеген оқушылар Массачусетс технологиялық институтында білім алғысы келеді, бірақ ол жаққа үздіктер ғана түсе алады, өйткені ол АҚШ-тағы ең талапшыл университеттердің бірі. Дербес оқу орны ғылыми-технологиялық зерттеулерге үлкен көңіл бөледі. Комиссияның түпкілікті шешім қабылдауындағы басты рөл болашақ студенттің бойында көшбасшылық қасиеттердің болуы, әлемді өзгертуге және ғылымның дамуына үлес қосуға ұмтылу болып табылады, – дейді Санжар.

Санжардың айтуынша Гарвард университетінің және MIT профессорларының дәрістері жақсы әсер қалдырды. Атап айтқанда, физика профессоры, физика бойынша Нобель сыйлығының иегері John D. MacArthur, сондай-ақ киберқауіпсіздік саласындағы Tom Leighton маманының дәрістері.

* * *

Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің түлектері отандық жоғары оқу орындарына ғана емес, әлемнің шетелдік университеттеріне де шақырту алуды жалғастыруда.

Ельнара Нәдірбаева АҚШ-тың екі университеті Baylor University және Hult университеті, екі итальяндық университет Пиза университеті, Болонья университеті сияқты бірқатар білім гранттарының иегері атанды.

– Университет таңдау – әрбір түлектің өміріндегі маңызды сәт. Мен Болонья университетіне «Бизнес және экономика» мамандығы бойынша оқуды мақсат етем. Зияткерлік мектеп арқасында мен өзімнің көшбасшылық қабілеттерімді, сыни тұрғыдан ойлау және талдау дағдыларын дамыта алдым. Сондықтан мен үшін бәрі ойдағыдай болатынына сенімдімін, – дейді Ельнара.

Ол мектеп қабырғасында еріктілікке көп көңіл бөлді: «Айналайын» балалар үйінің тәрбие-ленушілеріне ағылшын тілінен сабақ берді, «Home dog» жобасы бойынша сыныптастарымен бірге панасыз жануарларға үйшіктер жасады, сонымен қатар Аналар үйіне әлеуметтік қолдау көрсетті.

– Кейін өкініп қалмас үшін бәрін істеу керек. Бақытты және табысты адам болуға тырысам, – дейді Венециядағы жетекші университеттердің бірінің грант иегері Анель Башарова.

Анель Ca Foscari университетінде цифрлық басқаруды таңдады. Университет ТОП – экономика, менеджмент, халықаралық қатынастар және лингвистика саласындағы мамандарды дайындайтын 150 үздік университеттің қатарына енді; Италиядағы ең көне бизнес мектебі болып табылады.

Сондай-ақ Әлихан Тынышбаев Италиядан Римдегі Сапиенца университетіне шақырту алды, онда NIS түлегі қолданбалы информатика және жасанды интеллект бойынша оқуға ниетті.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

ӘЙЕЛІ ЖОҚ ҮЙ

Жасыл шатырлы үйдің егесі Жүсіп ұзын бойлы, кең иықты, келбетті кісі. Жасы жетпісті алқымдап қалған ол ешқашан жар құшпаған, бала сүймеген. Осындай өзі сұлу жүзді, өзі әнші, сері кісінің неге өмір бойы үйленбей келе жатқанын үлкен кісілер болмаса, жастар жағы біле бермейді. Інісінің бір қызын кішкентайынан бауырына басып өсірді. Оның әкесі де, шешесі де бір өзі болатын.

Қыз бала емес пе, Назгүл кішкене күнінен көкесінің кіреукелі көңіліне алаңдап өсті. Көкесі әлденеге күлімсіреп, әндете бастаса бұл елжірей қалатын. Кішкене кезінде көкесі мұның шашына дейін жуып, тарап, өріп, ақ бантигін желбіретіп мектепке жіберуші еді. Ол кездері көп қыздың қолы жете бермейтін аппақ колготкиге дейін аудан орталығынан әкеп беретін. Назгүл кішкентай болса да өз шешесі мен көкесін жиі салыстыратын. Бір нәрсе сұрай қалса, дұрыстап жауап беруді де білмейтін, мінезі шәлкестеу шешесі мұны таяқтай жөнелетін. Салдырсалақ анасы қайынағасының үйі тұрмақ, өз үйін де дұрыстап жинай алмайтын еді. Есіктен төрге дейін шашылып жататын өз үйінен гөрі Назгүл көкесінің үйін артық көреді. Көкесінің үйі қашанда таптаза. Әйелі жоқ үй демесеңіз, көкесі істің көзін таба біледі. Назгүлдің үсті-басы таптаза, тамағы тоқ, көкесінің ықпалымен мектептегі сабағын да кілең беске оқыды.

Бойжете бастаған Назгүлді «Көкем неге үйленбеген?» – деген сауал жиі мазалайтын. Осындай қамқор, мейірімді көкесінің жалғыз жүргеніне, өзінің ұлқызы болмағанына іштей күйінетін. Бірде көкесінің ескі альбомын қызықтап қарағаны бар. Сол кезде қап-қара шашын екі бұрым етіп өрген, көздері мойылдай қара, сұлу бір қыздың суретіне көзі түсті. Назгүл бейтаныс қыздың суретіне ұзақ үңілді. «Әдемісін-ай! Бұл қыз көкеме кім болды екен? Кімнен сұраса екен?»

Назгүлдің ойынан альбомдағы қыз кетпей қойды. Қыздың суретін біреуге көрсетіп, кім екенін сұрап білгісі келгенімен ыңғайын таппады. Арада екі күн өтті.

Үшінші күні кешкі тамақтан соң Назгүл ескі альбомды тағы да қарағансып отырды да: «Көке, мына қыз кім? Өзі сондай сұлу екен» деп сұрады. Көкесі суретке жалт қарап, өңі біртүрлі болып, жай ғана «Ауылдас қарындасым Айғаным ғой. Жас кезінде естелікке берген болатын» – деді. Назгүл бұдан әрі қазбалап сұрауға батпады. Алайда қыз жүрегі әлдебір құпияны сезгендей болып, Айғанымның суретіне тағы бір қарады да, альбомды жапты. Ертеңіне «Сурет жайлы бекер сұраппын ғой, көкеме қиын болды-ау» – деп қатты өкінді. Себебі сол күні көкесі таңға дейін көз іле алмай дөңбекшіп, күрсініп шықты...

Жүсіп таңды көзімен атырды. Қызы Айғанымның суретін көрсеткен кездеақ жүрегін ұзақ жыл сыздатқан шері лықсып кеп көмейіне тығылған. Жап-жас Назгүліне не айта алсын? Бұрындары жастау кезінде іштегі қайғы-шерін әнмен сыртқа шығаратын. Жалғыз өзі отырып домбырамен халық әндерін шырқағанда қосыла алмай арманда қалған ғашығы сол баяғы жас күніндегідей көз алдына келетін. Аяғын еркелей басып, сыңғырлай күліп, қолаң шашының ұшынан ұстап өзіне наздана қарап тұратын Айғанымның бейнесі де ән аяқтала бере зым-зия жоғалатын.

Ғұмырында тек соны сүйіпті, бір сол үшін жиырмадан енді асқан шағында азап тартыпты. Өкініш өзегін өртегенімен жастық шағы қайта келе ме? Қайта оралса, әкесі мен анасының сөзіне құлақ асып, ал деген Баршынын алып, ұл-қыз сүйіп отырар ма еді? Адамның тағдыры анасының құрсағында жатқанда-ақ жазылып қойса, мұның әйелсіз, ұрпақ сүймей өтуі пешенесіне жазылғаны да. Құдай басқа салды, бұл көнді. Көнбегенде қайда барады?

Талай рет елден жыраққа, көз көрмес, құлақ естімес жаққа кетіп қалғысы келген. Жүрегі құрғыр Айғанымды қимайтын. Оның аман-саулығын біліп, сырттай болса да көріп жүргісі келді. Оның үстіне інісін де жалғыз қалдырғысы келмейтін.

Анасы қайтқалы үлкен үйдің берекесі кеткендей болды. Үй уақытылы жиналмай, кір апталап жуылмай үйіліп жатады. Бейшара анасы осы келінінің жаман қылықтарын жасырып келген екен-ау. Қалай дүниеден көшті, келінінің де арты ашылды. Анасы барда үйінен қонақ арылмайтын еді. Қыркынан кейін-ақ келінінің қабағына қарағандар келуді сирете бастады. Енесі барда қайынаға деп сыйлағансып жүретін келіні келе-келе бар өнерін шығара бастады. Бір кесе кеспе көженің өзін төгіп-шашып зорға беретін болды. Кей күндері тамақ істемей бүрісіп жатып қалады. Ондай күндері інісі екеуі қазан көтеріп, балаларды тамақтандырып, төсектеріне жатқызатын. Әйелінің жаман қылықтарына төзбеген күні інісі оны сабап алушы еді. Жүсіп араға түсіп жүріп екеуін айыратын. Інісін сабырға шақырып: «Шыдамды болсаңшы. Әйелінде ақыл болса анамыз бардаақ елге сыйлы келіндердің қатарына қосылар еді ғой. Сен оны ұрып жеңе алмайсың. Төрт баланың анасы ғой, сабыр сақта. Құдай мен сияқты жалғыз қалғаннан сақтасын. Енді балаларың үшін бәріне көз жұма қара. Кешірімді бол деуші еді. Інісіне ақыл айтқанымен, өзі туған үйіне анасының жылына дейін шыдады. Соқа басының сыйып жүргені тек анасының арқасы екен. Қабағы кіржиіп, ашуланса балаларын таяқтың астына алатын келінімен алыстан сыйласпаса болмайтынын анық түсінген соң бөлек шыққысы келді. Әке-шешесі көзі тірісінде үлкен үйдің жанынан шағын үй көтеріп, төбесін жаптырып қойып еді. Басқа түсі табылмай сол үйдің шатыры жасыл шифрмен жабылған болатын. Көп өтпей-ақ сол ерекшелеу үйдің иесі Жүсіп атанды. Бөлек шығарында інісі мен келініне:

– Сендерден бір-ақ тілегім бар. Менің атыма Назгүлді жаздырып беріңдер. Өзім мәпелеп өсіремін, Алла бұйыртса оқытып, өзім қолымнан ұзатамын. Туғалы өзім қарап келемін ғой. – деді.

– Аға, сіз не десеңіз сол болады. Назгүл сіздің қызыңыз. Алайда жалғыз өзіңіз ол үйде не істейсіз? Әлде үйленбек ойыңыз бар ма?

Інісінің соңғы сөзін естігенде Жүсіп ашудан қып-қызыл болып кетті:

– Сенің есің дұрыс па? Маған кім тиеді? Әлде ағаңды кекетіп-мұқатып тұрсың ба? Басқа білмесе де менің жайымды жалғыз бауырым сен білуші едің ғой.

Жақып үндемей төмен қарады. Ағасын қатты ренжітіп алғанына өлердей өкініп қалды. Жазылмаған жарасын тырнап жіберіпті-ау ағасының... Мұншалық ақымақ болар ма?

– Ағы, ақымақ ініңізді кешіріңізші. Кешіріңізші...

Осы кезде есік ашылып, кішкентай Назгүл томпаңдап ішке кіріп:

– Көке, көке, жүріңіз, далаға шығайықшы. Мені атқа мінгізіңізші, – деді.

Жүсіп Назгүлді тік көтеріп алған күйі сыртқа беттеді. Інісіне бұрылып та қарамады.

Сол күні ол өзі мен Назгүлдің бар киімін, кейбір аса қажетті заттарды алды да, бөлек шығып кетті. Екі үйдің ортасын тек ағаш шарбақ бөліп тұр. Назгүл екі үйдің еркесі, екі ортада ойнап жүреді. Бірақ «көкемнің қызымын» деп, Жүсіптің жүрегін жібітіп, одан бір елі ажырамайтын болды.

Жұрт та қызық қой. Жүсіптің жалғыз өзінің бөлек шығып кеткенін біраз әңгіме етіп, сан-саққа жүгірте бастады...

Жүсіп бөлек шыққан күннің ертеңіне-ақ ауылдың сөзге үйір әйелдері сөз қылды: «Бұл бекер емес, оңаша үйде жалғыз еркек қалай тұрмақ? Оның тамағын кім істейді, кірін кім жуады? Күйеуі қайтыс болған Жібекпен байланысы бар-ау. Әнеукүні ат арбасымен оның үйіне шөп әкеп бергенін біреулер көріпті. Енді Жібек те Жүсіптің үйін тазалап, тамағын істеп тұратын шығар» деп сырттай тон пішті. Біраз уақытқа дейін аңдығандары Жүсіптің үйі болды. Тіпті бірнәрсе сұрағансып үйіне кіріп шыққандары да бар. Ертесіне-ақ Жүсіптің үйі туралы әңгіме ауыл ішіне желдей тарады.

– Ойбай, несін айтасыңдар, Жүсіптің үйіне Гүлсім барса тамақты өзі істеп жатыр екен. Үйінің іші тап-таза дейді. Ыдысаяғына дейін жалтырап тұр екен. Әйелі жоқ үйге мүлдем ұқсамайтын көрінеді. Соған қарағанда оның үйін түнде біреу келіп жинап, кірін жуып береді-ау. Әлде баяғы ғашығы ма екен? Кім білсін? Сол үшін жастай қор болып, жалғыз қалған жоқ па? Бәлкім, жаны ашып көмектесіп жүрген шығар...

Бұл әңгіме көп өтпей Жүсіптің де құлағына жеткен. Естіп, күлген де қойған. Кімнің аузына қақпақ қойсың? Үсті-басын таза ұстауды, үй жинауды бала кезінен біледі емес пе? Үйдің үлкені болған соң анасына көмектесіп, тірліктің бір жағына шығысушы еді ғой. Қарындасы жастай шетінеп кеткен соң інісі екеуі үйдің, даланың жұмысы демей-ақ атқара беретін.

Үйде қыз бала жоқ. Әкесі мен шешесі ала жаздай егіннің басында. Қауынқарбыз егеді. Үйге қарауды Жүсіпке тапсыратын. Сонда бәріне үлгеруші еді. Сабағын да жақсы оқып, мал-жанға да қарап, ата-анасын қуантып жүретін. Мектепті бітірген соң әскерге кетті.

Әскерде жүргенде сүйген қыздарынан хат алып жататын құрдастарына қатты қызығатын. Өзі әскерге дейін ешкімге ғашық та болмапты. Тек көршінің кекілді қызын сырттай ұнатып жүруші еді.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

Әскерден келген соң көңілімді білдіремін деп армандайтын. Бір күні інісінен хат алып, елгі көрші қыздың көрші ауылға күйеуге шығып кеткенін оқып, көп күндер мұңайып жүргені бар. Екі жыл екі күндей болмай өте шығып, ауылға сымға тартқандай таралып келгенде кластас қыздары танымай қалып еді. Сымдай тартылған сымбатты, өзі әнші Жүсіп кімге көз салып, жүрек сөзін айтар екен деп іштей бәрі дәмеленетін.

Жүсіп Айғаныммен ойда-жоқта танысты. Бірде ауыл шетіндегі тоғайға барып, атын тұсап жіберіп, көк майса құрақта екі қолын жайып жіберіп шалқасынан түсіп: «Сәулем-ай...» – деп бар дауысымен әндетіп жатқан. Бір кезде дәл төбесінен төніп тұрған жап-жас сұлу қызды көріп, орнынан тұра алмай тыпырлады да қалды. Оң қолын жерге тіреп зорға дегенде тұрды. Дәл жанында бұрын көрмеген бейтаныс бейне. Қаракат көзі жәудіреп тұр. Жүсіп тілін жұтып қойғандай жас сұлудың жүзіне қарап үн-түнсіз тұрып тұрды...

Әлі де қарап тұра берер ме еді, үнсіздікті қыздың сыңғырлай шыққан дауысы бұзды.

– Әкемнің атын іздеп жүр едім. Шідерін үзіп кетіпті. Көзіңізге түспеді ме?

– Жоқ, жоқ, – деді Жүсіп тұтықпасы бар адамға ұқсап зорға сөйлеп. Ол өз жүрегінің торға түскен торғайдай тыпырлап тұрғанын анық сезді. Есіл-дерті мына тоғайға ешқашан көрмеген сұлу перизаттың қайдан келе қалғанын білу. Бір кезде батылданып:

– Менің есімім Жүсіп. Мына ауылдың баласымын. Әскерден жақында келдім. Өзің қайда тұрасың? Біздің ауылдан көрмеген сияқтымын, – деді.

– Мен мына бөлімшеде тұрамын. Есімім Айғаным. Әкемнің жұмысына байланысты басқа ауылдан көшіп келгенбіз. Малдарымыз жерсінбей жүр ме, жиі жоғала беретін болды. Жарайды, әкемнің атын табуым керек тезірек, – деп қыз кетуге ыңғайланды. Жүсіптің оны жібергісі жоқ.

– Қарсы болмасаң, жүр, бірге қарайық. Тоған жақта жүрген шығар, – деп жол бастай жөнелді. Айтса айтқандай, торы төбел ат тоған жақта жайылып жүр екен. Айғаным бұған ризашылығын білдіріп, атын жетелеп, үйіне қайтты. Жүсіп біраз жерге дейін еріп барды, ойы қыздың үйінің қай маңда екенін көріп қалу.

Қыздың аппақ ашық маңдайы, қос өрім етіп өрген ұзын шашы, әсіресе жәудірей қараған мөлдір қара көздері Жүсіптің есінен күндіз-түні шықпайтын болды. Түнге қарай қызды әке-шешесі үйінен шығармайтынын біледі. Өзі бір үйдің әлпештеген жалғыз қызы екен. Айғанымды тағы бір рет көрсем деген аңсар, жүрегін қозғаған алапат бір сезім Жүсіпке ұйқы бермейтін болған. Оны белгісіз бір күш Айғанымды алғаш көрген жерге, тоғайға жетелей беретін. Күн сайын тоғай жақты бір шарлап қайту әдетіне айналды. Жүсіп өзінің Айғанымға ғашық болып қалғанын ұқты. Қараптан-қарап отырып, күйзеліп ешнәрсеге зауқы соқпай қалды. Есіл-дерті Айғанымды бір көріп, тілдесу.

Бұл кезде жас қызды да махаббат жалыны шарпып өткен еді. Көз алдынан көгалда шалқалай ән айтып жатқан Жүсіп кетпей қойған. Сымбатты, өзі әнші жігітті ұнатып қалғанын сол күні-ақ сезген. Қайта көрсем ғой, тілдессем ғой деген ой Айғанымға да маза бермейтін болды.

Екі жастың тілеуі арада апта өткенде орындалғандай болды. Тағы да сол, әкесінің аты шідерін үзіп, тоғайға қашып кетіпті. Аттың жоқ екенін көргенде Айғаным қатты қуанды. Жүрегі дүрсілдей соғып, атты іздеген болып тоғайдың ішіне ене берген. Ол бүгін Жүсіпті көретініне сенімді еді.

Ал Жүсіп болса дәл сол күні бозторғайдың шырылымен бірге оянған еді. Көзін ашқаны сол, Айғанымның бейнесі келіп тұра қалды.

Ойша қызбен тілдесіп, төсегінде бір сағаттай жатты. Қиялы неткен жүйрік? Айғанымды үйіне келін етіп түсіргенін, апасының қолына кәмпит ұстап жүгіріп қуанып жүргенін, дастарқанын келіншегінің сұлу жүзіне таң қала қарап қалғанына дейін көз алдына елестете бастады. Апасы таңғы шәйға шақырғанда Жүсіп қиялымен ат үстіндегі Айғанымды қуып жетіп, бетінен сүймекке ұмтылып жатыр еді...

Таңғы шәй үстінде әкесі бұған соңғы уақытта шаруаға қырсыз болып жүргенін ескертті. Жақын күндері қауынның да пісіп қалатынын, жұмыстың көбейетінін ескерткен әкесінің сөзі Жүсіпке баяғыдай әсер ете қоймады. Ол әлі Айғанымды ойлап отыр еді. Орнынан тұрып, үйіндегі майда-шүйде жұмыстарын тез бітірді де, тоғайға қарай құстай ұшты. Айғаным алғаш көрген жерде жан-жағына жалтақтай қарап, мұңайып отыр екен.

Екі ғашық көзбен ұғысты. Тоғайда кездескен екеуі бір-біріне ұзақ қарап тұрып қалды. Бұл жолы Жүсіп батылдық танытып, өзінің ғашық болып қалғанын жеткізді. Айғанымға ынтызар екенін, қыз қаласа өмірлік жар ететінін ұқтырды. Айғаным ұялып, қызара төмен қарады. Тек сүйріктей саусақтарымен шынар ағашын сипалай берген.

Жүсіп қыздың қолынан сипап:

– Сөзім-сөз! Сертім-серт, Айғаным! Сенен өзгені жар етпеймін! – деді. Қыз жігіттің көзіне тіке қарады. Шын жүрегімен айтып тұрғанына сенді. Кенет өзінің жоқ іздеп жүргені еске түсіп, тоған жаққа қарай жүгіре жөнелді. Айғаным атын тапса да, кеткісі келмей, Жүсіпті қимай жүріп алды.

Екі жас ертеңінде кездесетін болып, уәделесіп тараған.

Ертесіне Айғаным да, Жүсіп те тоғайға ат мініп келді. Екеуінің ойы ел көзіне түспей алысқа барып сырласу. Жүрегі жалындаған екі жасқа, құстың сайрағаны да, жапырақтың сыбдыр қаққаны да, судың сылдырай аққаны да көз қуаныш.

Ғашығының сыңғырлай шыққан үніне елтіген Жүсіпте ес жоқ. Дәл сол кезде Айғаным «жердің шетіне кетейік» десе де даяр еді.

Бір кезде «анам іздеп қалар» деген Айғаным кетуге ыңғайланды. Жүсіптің ойы қыздың аппақ бетінен бір сүю. Ақыры бұрыла берген кезде ептілік танытып Айғанымның бетінен сүйіп алды. Қып-қызыл болып ұяла қалған қыз бетін алақанымен сипалап тұрды да, есіне әлдене түскендей:

– Осы сіздің руыңыз қандай? – деді.

– Менің руым… – Көңілі көлдей шалқып тұрған Жүсіп өз руын мақтанышпен, әндете созып айтты. Ал Айғанымның көзі шарасынан шығардай болып:

– Сіз, сіз... маған аға болады екенсіз ғой, аға. – деп шегіне берді.

Ғашықтық Жүсіптің есін алды, Айғанымның өз руласы екенін білсе де, одан бас тарта алмады. Оған деген сезімі күннен-күнге күшейіп, жанына жай таптырмай қойды. Айғанымға:

– Біз әлдеқашан жеті ата түгілі, он төрт атадан асып кеткенбіз. Көр де тұр, әкемді көндіремін. Ата-анаңның алдынан өтеді. Біз қосыламыз, – деп сендірді. Айғаным да Жүсіпке ғашық еді, ол қасында тұрса да, жоқ болса да сағынып тұратын.

Жүсіп екеуін екі жаққа айырып жіберетіндей қара көзі жәудіреп, іштей уайымдай беретін. Көп кешікпей-ақ екі ғашықтың тоғайда оңаша кездесіп жүргенін естіген Айғанымның ағалары Жүсіпке «қарындасымыздан аулақ жүр, әйтпесе желкеңді үземіз» – деп ескертті.

Жүсіптің әке-шешесі ол кезде тірі.

Ұлының рулас қызбен кездесіп жүргенін естіген күні-ақ әкесі егіс басынан түтігіп жеткен болатын. Есіктен кірген бойда-ақ алаңсыз отырған Жүсіпті жон арқасынан қамшымен тартып-тартып жіберіп:

– Иттің ғана баласы, сен не бүлдіріп жүрсің? Қыз құрып қалғандай рулас қарындасыңа қырындап жүргенің не? Мені елге қарабет қылайын демесең, тоқтат жүрісіңді. Біздің ру бір-бірімен ешқашан қыз алыспайды. Осымен сөз тәмам. Жоғалт көзіңді! – дегені.

Жүсіп әкесін жақсы білемін деуші еді. Әкесінің қатты ашуланғанын, қаһарланып кеткенін көргені осы. Әкесіне сөз қайтара алмай, жүрегі шаншып үйінен шықты. Анасы сыртта жыламсырап тұр екен. Мұны көріп:

– Балам-ай, бір нәрсеге ұрынып қалмашы. Қыз көп қой, ұмытшы, соны. Дүйсен көкеңнің қызы Баршын да бойжетіп отыр. Әп-әдемі. Мақұл десең, құда түсейік, – деп бауырына басты.

– Апа-ау, мені түсінші. Маған Айғанымнан басқа ешкім керек емес. Жеті атадан кейін қыз алысуға болады екен ғой. Мен сұрастырып білдім. Боз бие сояды екен. Ал біз тіпті он төрт атадан әлдеқашан асып кетіппіз. Бізге үйленуге рұқсат берсін, айтыңызшы әкеме, көндіріңізші! Айғанымның әкесіне барсын, – деді Жүсіп.

– Бос сөзді қой! Айғанымды ала алмайсың. Әкеңнің мінезін білесің ғой, қытығына тие берме. Әйтпесе ел арасы бүлінеді. Бізді жерге қаратпа, балам. Айғаным да бір үйдің мәпелеп отырған жалғыз қызы екен. Сүйекке таңба түсіресіңдер. Қанша жақсы көрсеңдер де, ақылға келіңдер, – деп анасы Жүсіпті алған бетінен қайтармаққа бекінді.

Не керек, сол түні әке-шешесі ұлдарын ортаға алып, уәдесін алды:

– Қойдым. Ұмытамын Айғанымды. Тек ертең соңғы рет оған жолығып, бәрін түсіндірейін. Мені кінәламасын, – деді Жүсіп.

Айғанымды соңғы рет көріп, қоштасамын деген Жүсіп оны қия алмады. Ғашықтық дертіне шалдыққан екі жас тоғайда кездесіп, қашып кетпекші болып келісті. Бұл хабар Айғанымның әкесінің інілеріне де жетті. Ашу-ызаға булыққан олар екі ғашықты күшпен айырып, Жүсіпті бас-көз демей тепкінің астына алады. Әсіресе «сені желпілдетіп жүрген мына жерің ғой, біржола сағыңды сындырайық» деп, әбден құтырып, көздері қанталаған жігіттер екі жұмыртқасын езгілеп тастайды...

Жүсіп есін ауруханада бір-ақ жинаған. Қайта-қайта операция жасалынып, өзі әупірімдеп зорға тірі қалған еді-ау. Кейіннен дәрігерлер болған жайды айтып, өкініш білдіреді. Жүсіп ешкімге көз жасын көрсетпей еңіреп жылады. «Айғанымсыз өмір сүріп не керек? Оның үстіне еркектігім болмаса...» – деп өгіздей өкірген...

«Уақыт – ұлы емші» екен, содан бері қаншама жыл өтті. Бұл әлі тірі жүр. Айғаным бүгінде ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отыр. Жүсіптің қиын жағдайға ұшырағанына сол кездері Айғаным да қатты қиналған. Ата-анасы еркінен тыс басқа жаққа ұзатқанда жүрегі қан жылаған. Жұрттан Жүсіптің хал-жайын естіп, көкірегі шерге толған. Жүсіптің ешкіммен сөйлеспей, томаға-тұйық болып, төсекке таңылып жатып қалғанын естіген соң Айғаным өзінің бір суретін, орамалын, хатын Жүсіпке беріп жіберген. Сонда ғана жүрегінде жылылық оянған Жүсіп: «Айғаным мені ұмытпаған екен ғой» деп беті бері қарап, тәуір бола бастайды.

...Әлгі альбомдағы Назгүлдің қайта-қайта қарап жүргені Айғанымның сол суреті. Орамалды да, хатты да Жүсіп жасырын жерге тығып қойған. Айғанымнан басқаны ол сүйген де емес. Кейде іші толып ән де айтады. Ғашықтық жайлы әндер айтқанда Жүсіптің дауысында діріл пайда болады. Іштегі сағыныш, мұң бәрі әнмен бірге сыртқа шығады. Мұндайда жұрт « Е, қайтсін енді... Жүсіп Зылихасын іздеп жатыр ғой» – дейді. Ал шындығында Жүсіп Айғанымын іздейді. Сүйгені әлдеқашан біреудің жары болып кетсе де, сол баяғы жігіт кездегідей оны аңсап, көргісі келеді. Бірақ Жүсіп қанша қиналса да, Айғаным бар жерге аяқ басқан емес. Хабарын тек сырттай естиді, қайғысына күйінеді, қуанышқа сүйінеді. Жас кезде мұншалық білінбеген екен. Жасына жас қосылған сайын өзінің рулас қарындасына ғашық болғаны, сол үшін сүйегіне таңба түсіп, таяқ жегені жанын жегідей жейтін болды.

Кейбір қызметтерді алу үшін (мысалы, мұрагерлік бойынша немесе тұрақты тұруға шетелге кетуге байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу) құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет, оны пошта арқылы немесе жеке өзі не БЖЗҚ кеңсесінде сенім білдірілген адам арқылы ұсынуға болады. Мұнымен қатар, Қор мамандарына көзбе-көзжүгінудіөлі күнге дейінжөн көретін салымшылар да бар. Сондықтан жыл басынан бері БЖЗҚ бөлімшелері арқылы Қазақстан бойынша салымшылар мен алушыларға дәстүрлі түрде **792 мыңдай қызмет** көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесін **enpf.kz** сайты немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы оңай табуға болады.

БЖЗҚ-ның барып қызмет көрсету бөлімдері – мобильдік агенттер мен мобильдік кеңселердің экипаждары шамамен **41 мыңдай қызмет** көрсетті. Барып қызмет көрсетуден бөлек БЖЗҚ еңбек ұжымдарында, кәсіпорындар мен ұйымдарда ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруда. Жыл басынан кәсіпорындар мен ұйымдарда **14,5 мыңнан астам таныстырылымдар** өткізіліп, оларға **313 мыңнан** астам адам қатысты.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде Қор салымшыларына зейнетақы қызметтерін ұсыну жөніндегі бірлескен жобасы аясында 2022 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша ұлттық пошта операторының 376 пошта бөлімшесінде **6,5 мыңдай қызмет** көрсетілді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары байланыс орталығына 1418 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) хабарласып, сондай-ақ, enpf.kz корпоративтік сайты, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber мессенджерлеріндегі чат-бот, БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалары арқылы ақыл-кеңес ала алады. 2022 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша салымшылар мен алушылардан түрлі байланыс арналары арқылы түскен **510 мыңнан астам өтініш** өңделді.

МАМАН МІНБЕРІ

САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУҒА АРНАЛҒАН РЕЦЕПТ

Салауатты тамақтана білу заманауи өмір дағдысы. Оны ұдайы ұстану қажет.

Салауатты тамақтану және дене белсенділігі ұстанымдарын балаларыңызға, қоршаған ортаңыздағы адамдарға үйретіп жүріңіз. Бұл ұстанымдар күрделі емес, бірақ сіздің өміріңіздегі осы азғантай өзгерістер өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығына елеулі нәтижесін береді. Сіз егер үйреншікті тамақтану тәртібінен бірден бас тарта алмайтын болсаңыз, дұрыс тамақтануға біртіндеп көше бастаңыз. Алдымен өз рационыңызды қайтадан қарастырыңыз. Ерекше зиянды өнімдерді қолданудан бас тартыңыз немесе азайтыңыз. Мұндай өнімдерге жататындар: тәттілер,спиртті сусындар, тәтті газдалған сусындар, майлы, қуырылған ащы және тұзды тағам, фаст-фуд және т.б. Ас тұзын тұтынуды күніне 2-3 гр. дейін шектеңіз (жарты шәй қасығы). Тыйым салынған өнімдер тізімінің көпшілігін басқаларымен оңай алмастыруға болады, мәселен

тәттілердің орнына бал, кептірілген жемістер, жеміс-жидектер, ал қуырылған тағамды бұқтырылған немесе тандырда пісірілген түрлерімен алмастыруға болады. Бұл алдымен үйреншікті емес болып көрінгенімен, бір үйреніп алған соң бұрынғы рационыңызға қайтып оралғыңыз да келмейді.

Тамақтану тәртібі мен бөліп тамақтану ұстанымын ұстаныңыз. Оңтайлы саналатыны төрт бес реттік тамақтану, бұл ретте ас жиі және аз үлестермен түседі. Тамақты асықпай, мұқият шайнап, аз үлесті түрде жеңіз. Кешкі соңғы тамақтану ұйқы алдында 3-4 сағат бұрын болуы тиіс. Тағам үлестерінің көлемін реттеп отырыңыз, қалдырғыңыз келмесе немесе балалардан қалғанын жеу мақсатында артық тамақтану қажетсіз саналады.

Келесі тағам өнімдерін шектеу есебінен рацион калориялығын азайтыңыз: жануар майы (сары май, майлы өт және ет өнімдері, шошқа майы, қой құйрығы, ішкі майлар, кулинарлық тоң май). Бұл өнімдер калорияларға бай, сонымен қатар, қан тамырларының қабырғаларына жинақталып, саңылауын тарылтатын қаныққан май қышқылдары мен холестеринге де бай келеді. Жануар майларын өсімдік тектес түрлеріне алмастырыңыз. Майлылығы төмен өнімдерді таңдаңыз.

– маргарин, транс-май қышқылдарына бай, атеросклероз дамуына ықлал етеді.

– жеңіл сіңетін көмірсулар (канттар, тәттілер, кондитерлік өнімдер), семіздік пен қант диабеті-нің дамуына ықпал етеді.

– негізгі тамақ ішу кезінде жануар тектес ақуыздар тұтыныңыз (майсыз сүтті, ет, балық өнімдері).

– талшыққа бай өнімдерді тұтынуға тырысыңыз: бұршақ тұқымдастар, дәні жарылмаған дақылдар, көкөніс пен жемістерді күніне 400 грамм жеу қажет. Ақ нан тұтынуды шектеңіз, оны ірі тар-тылған ұннан жасалған нанмен алмастырыңыз.

Күнделікті, кемінде 30 минуттан дене жүктемесін алыңыз. Жаттығу залына немесе фитнесс орнына бару міндетті емес, үйде дене жаттығуын жасап, дүкенге, жұмысқа, бала бақшасына, мектепке, т.б. жаяу немесе велосипедпен бару жеткілікті. Үйдің немесе кеңсеңіздің жоғарғы қабатына лифтпен емес, жаяу көтеріліңіз. Теледидар, компьютер, бейнеойындар алдында ұзақ отырмаңыз, олай істеуге балаларыңызға да рұқсат етпеңіз. Теледидар алдында отырып тамақ ішпеңіз, себебі, желінетін тамақ көлемін байқай алмайсыз.

«ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОЭЗИЯ

МЕН - ТІРІ ЕКЕНМІН!

Айгүл Жұмаділ – 1975 жылы 13 мамырда Алматы облысы Ұйғыр ауданы Діңгірмен ауылында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетін тамамдаған. Қазіргі уақытта Алматы қаласында ұстаздық қызмет атқарады. 2018 жылы жарық көрген "Тұңғиық" жыр жинағының авторы.



Пұшпағындай терінің иленбеген,
Күндер, айлар, сағаттар
күйген неден?
Деміңді де керіліп жұта алмасаң,
Құрып кетсін дүние күйбеңдеген.

"Ұжмақты жан бар ма көрген, біліп?",
Дейміз дағы, күтеміз көрден де үміт.
Тоқтатпайды,
"Тоқпағы мықты болса,
Киіз қазық кетеді жерге кіріп"...

Біреу өтер жалғаннан жалаң аяқ,
Біреу жүрер өлместей жан аялап.
Бұл өмірдің өлшемі -
Бүлк еткізер
Өкпедегі бір жұтым ауадай-ақ...

* * *

Менің де бар көңілімде бір алаң,
Тағдырым ба сынаған -
Көшкен таудай құрағаным құлаған.
Солығымды баса алмай сонда бір
өксіп-өксіп жылағам.
Ал, былайша, дін аманмын,
Шыда, Жан!

Содан бері мұң - елес -
Көкірегімде көлбең-көлбең етеді,
Сойылымен солқылдатып шекені
Кейде-кейде салып-салып кетеді,
Кейде-кейде өзі талып кетеді.
Өмірде бұл бәрі дейді өтпелі,
Өтеді де кетеді...

Жоқ!
Қалады -
Ауадағы діріл - дем,
Соңғы шырылмен!
Бүлкілдеген бүтін ғалам бүлінген,
Сенің бұтағыңнан жел тұрса,
жұлып түсер жапырағыңмын ілінген,
Бүгін мен...

* * *

Елемей топтың дүрмегін,
Келтіріп кемнің күрмеуін
Жаныңда сенің жүргенім -
Шын бақыт екен, білгенім!

Жаныңда сенің жүргенім,
Дүниенің сезбей бір кемін
Жарқылдап, жайнап, күлгенім -
Сүргенім өмір, біл, менің!

Отыру үнсіз оңаша -
Біреуге мәні жоқ аса.
Қадірін сөздің білмес ек
Қабірің үнсіз болмаса.

Мінезі жақсы жар қандай?
Таңдайға зәмзәм тамғандай.
Буынсыз тілмен от көсеу -
Тозақта жаның жанғандай.

Жігіттің жақсы амалы -
Адамға қылған сауабы.
Ағайын, туыс, бауыр, дос -
Алынбас жауға қамалы.

Дегенді көзбен ұқтырып,
Көңілден таза тұп-тұнық
Түсіндіру - тектілік,
Мойындату да - мықтылық.

Көк те сен!
Көкте Күн де - Сен!
Көрмесем Күнді мұң кешем.
Осының бәрін білмес ем -
Жаныңда сенің жүрмесем

* * *

Мен - тірі екенмін!
Өзім білмей жүр екенмін:
Айтылмаған сыр екенмін,
Ашылмаған гүл екенмін.

Ақын екем, батыр екем,
Батырдан да батыл екем.
Көңілді екем, көркім менің
Көлдей шалқып жатыр екен.

Шешен екем, кесек екем,
Кездіктейін кеседі екем.
"Өледі екен, өшеді екен"
Дегендері өсек екен...

Өр екенмін, ер екенмін,
Төре де өзім, төр екенмін.
Шабыт та мен, шаттық екем,
Шертілмеген шер екенмін.

Маған мұны Өзім айтты,
Мөлдіреген сезім айтты,
Мөлтілдеген көзім айтты.
Менің бала кезім айтты...

Жамандарға табылмайтын,
Адаспайтын, жаңылмайтын,
Мені мүлде танымайтын
Маған мұны - жаным айтты!

* * *

Алматының жазын сүйдім,
Кеш еді...
Күзін сүйем -
Көңілімнің хош, емі.
Қаңтарымен өбісемін өлең боп -
Бақпен туғам бес елі!

Сал Көктемде сән бөлек,
Көктемеде Көктөбеде таң да ерек.
Алматының сүю үшін көктемін -
Қызып тұрған қан керек!
Жанып тұрған жан керек!

Сүйдім солай,
Күйдім солай ақыры,
Сұлу қала - күйдіруге хақылы.
...Жаза алмасам, тамып кетті
дерсіздер,
Жаңбырындай бір-ақ тамшы ақыны...

* * *

Тағдырыма таға алмаспын бекер мін -
Өзіңменен өткен күндер - шекер күн.
Сағын мені!
Сен сағынсаң - өзіңмін,
Сен сағынбай қалған сәттен -
бөтенмін.

Кейде уақыт келеді рас кешігіп,
Үзілердей үздікпесең несі үміт?
Сағын мені!
Сағынғаның - сүйгенің,
Сағынбасаң, сүйгенің де өтірік.

Қызған мені құшақтағы шоқ гүлден,
Сұра мені өртендірген от күннен.
Ізде мені!
Іздегенің - күткенің,
Сен ұмытып кеткен сәтте -
жоқпын мен...

* * *

Күз келді деймін,
Сыз келді,
Сарғайтып тегіс түз, белді.
Жапырақ жауды, жаз бойғы
жасырып жасыл іздерді.

Күз келді деймін күп-күрең,
Күп-күрең шайдай - түк кілем.
Шым-шымы суып шілденің
Шашылды мөлдір шық кілең.

Жеткізбей маған қашықты,
Жаз өтті.
Неге асықты?
Күлімдеп жүр ем көктемдей,
Жылатты біреу, жасытты.

Күз келді тағы.
Бұл қандай?
Қалса екен көңіл былғанбай.
Жаз өтті.
Бейне,
Жастығым -
Көзін бір ашып-жұмғандай...

* * *

Еш себепсіз жыладым, іле күлдім,
Соның бәрі - сен үшін,
Жүре білдім...
Ағып бара жатқандай соңғы жұлдыз -
Жанып бара жатқаны-ай жүрегімнің...

Еш өкінбей өзіңмен өрт кешемін,
Сенім үшін сезіммен серттесемін.
Сені күткен бүгінгім - бақыт қандай,
Сенсіз өткен не деген дерт - кешегім.

Бәлкім күнә - сүйгенім,
Кінә менен.
Неге дайын екенмін?
Сұра менен!
Аспаныңа Ай болып ілінем де,
Көкжиектен Күн болып шыға келем!

Тарылғанда тынысың - дем беремін,
Өміріңнің боламын ең керегі.
"Жаным! Жаным! Жаным!" -
деп жүрегіңнің
Айналдырып тұрамын дөңгелегін...

* * *

Сарғайып кеткен хаттайын -
Сағыныш толы, сәл үнсіз
Сағынып тұрам - сәт сайын,
Сағынып тұрам - дамылсыз...

Сағынып тұрам - үздіксіз,
Сағынып тұрам - ұдайы.
Сап-сары ала күздік біз -
Сағыныштардың құдайы!

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА

УЧАСТВУЮТ ПЯТЬ КАЗАХСТАНСКИХ КОМПАНИИ

Ежегодная международная продовольственная выставка HKTDC Food Expo 2022, организованная Гонконгским Советом по развитию торговли, открылась 11 августа 2022 года. В этой престижной Гонконгской выставке принимают участие пять казахстанских компании, - передает пресс-служба региональной палаты предпринимателей города Алматы.

Внешнеторговая палата Казахстана и Палата предпринимателей «Атамекен» Алматы представляют 5 крупнейших производителей высококачественных натуральных продуктов питания, отвечающих международным стандартам качества и современным «экотрендам». Продукция Almaty Product, Araltuz.kz, Delice, Sultan маркетинг, Meat Proceasing and Service будет представлена в двух павильонах.

«Вопросы безопасности и пользы продуктов, правильного питания, волнуют всех. Сложно найти настоящую органическую продукцию. Мировые выставочные площадки приглашают проверенных эко-производителей. Казахстанские компании, принимающие участие в международной выставке Food Expo – флагманы внутреннего рынка и конкурентоспособны за рубежом. А рынок Гонконга очень удобен в плане продвижения продукции на азиатские и мировые рынки. Гонконг крупнейший мировой порт и финансовый центр, и участие наших компаний на этой выставке свидетельствует о высоком уровне наших производителей», – отметила заместитель директора Палаты предпринимателей г.Алматы, Акеркин Эралиева.

Компания Almaty Product – лидер казахстанского рынка кондитерских изделий с 2002 года. Заводы оснащены современным оборудованием; внедрены технологии, отвечающие международным стандартам качества. Компания представит на выставке брикетированную и консервированную халву, ассортимент песочного, слоеного теста и пряников, карамель, сухие завтраки, вафельные рулеты.

Компания АРАЛТУЗ везет на выставку натуральную соль под маркой OZERO. Бренд OZERO – натуральная соль, которую добывают на дне озера Арал. Это – 100% натуральный продукт без добавок и вредных веществ, получивший сертификаты ЭКО, БИО и ХАЛЯЛЬ.

Компания Delice – производитель соков «Delis», изготовленных из высококачественных, спелых фруктов и овощей, пастеризованных и разлитых в асептические пакеты или стеклянные бутылки. Компания использует современную технологию упаковки жидких пищевых продуктов Bag-in-BOX, которая продлевает срок службы продукта. Соки под торговой маркой «Delis» производятся только из экологически чистых продуктов. На выставке будут представлены натуральные яблочные, грушевые, виноградные, мультифруктовые, томатные соки.

Meat Proceasing and Service – предприятие полного цикла по откорму, переработке и реализации мяса. Компания была основана в 2008 году и вышла на позицию одного из крупнейших экспортером мясной продукции на рынок Китая, стран Персидского залива и СНГ. Компания уделяет особое внимание соблюдению стандартов качества, учитывает потребности рынка и интерес целевой аудитории.

Sultan marketing – официальный дистрибьютер торговой марки «Sultan». Вся продукция торговой марки «Sultan» соответствует мировым стандартам качества и пользуется популярностью, благодаря высочайшему качеству, широкому ассортименту и гибкой ценовой политике.

На выставке будут представлены: макаронные изделия, мука высшего сорта, горох, овсяная каша, манная крупа, длиннозерный и классический круглозерный рис, длиннозерный пропаренный рис, перловая крупа, гречневая крупа и отборное пшено, ароматизированные вафли, мини-вафли в шоколадной глазури, печенье в упаковке.

Участие в ежегодной выставке HKTDC Food Expo позволяет поставщикам продуктов и напитков взаимодействовать с глобальными покупателями, а также получать признание потребителей. Последняя выставка собрала более 1,560 экспонентов из 23 стран и регионов, более 510,000 торговых покупателей и представителей общественности.

Ш. ХАМИТОВ.

ВОИНСКАЯ СЛУЖБА

ПОВЕСТКИ С ТРЕБОВАНИЕМ ЯВИТЬСЯ В ВОЕНКОМАТ

В МИНИСТЕРСТВЕ ОБОРОНЫ РК КОРРЕСПОНДЕНТУ NUR.KZ ОБЪЯСНИЛИ, ПОЧЕМУ КАЗАХСТАНЦЫ ПРИЗЫВНОГО ВОЗРАСТА СТАЛИ ПОЛУЧАТЬ СООБЩЕНИЯ С ПОВЕСТКАМИ, ХОТЯ ДО ОСЕННЕГО ПРИЗЫВА ЕСТЬ ЕЩЕ ПОЧТИ МЕСЯЦ.



На сообщения пожаловались жители столицы, скриншот SMS астанчане прислали Telegram-каналу Qumash.

«Если до этого военкоматы забирали студентов сразу же после защиты диплома (чуть ли не с кабинетов), то теперь отправляют повестки летом. Хотя вроде есть только весенний призыв и осенний», – говорится в подписи к посту.

В Министерстве обороны пояснили, что сейчас в стране проводится заблаговременная работа по изучению и отбору молодых ребят, подлежащих призыву на срочную воинскую службу.

"Повестки о необходимости прибыть в местный орган военного управления по месту регистрации направляются в целях предварительного изучения и отбора юношей, подлежащих призыву, а также корректировки анкетных данных.

Непосредственно сам призыв на срочную воинскую службу начнется с 1 сентября и продлится до конца декабря", – сообщили в министерстве.

В ведомстве подчеркнули, что казахстанцам в обязательном порядке следует явиться по повестке в военкомат в установленное время.

МЕДИАЦИЯ

ВЗАИМНОЕ ДОБРОВОЛЬНОЕ ВОЛЕИЗЪЯВЛЕНИЕ СТОРОН

Сферой применения медиации являются споры (конфликты), возникающие из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, а также рассматриваемые в ходе уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, об уголовных проступках, если иное не установлено законами Республики Казахстан, и отношения, возникающие при исполнении исполнительного производства.

Необходимо знать, что условием участия в процедуре медиации является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в договоре о медиации. Поэтому медиация проводится на основе принципов: добровольности; равноправия сторон медиации; независимости и беспристрастности медиатора; недопустимости вмешательства в процедуру медиации; конфиденциальности.

Запомните, участники медиации не вправе разглашать сведения, ставшие известными им в ходе медиации, без письменного разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию. Разглашение участником медиации сведений, ставших ему известными в ходе медиации, без разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию, влечет ответственность, установленную законами Республики Казахстан.

К тому же, в ходе медиации стороны вправе по своему усмотрению распоряжаться своими материальными и процессуальными правами, увеличить или уменьшить размер требований или отказаться от спора (конфликта). Стороны свободны в выборе вопросов для обсуждения вариантов взаимоприемлемого соглашения.

При поведении медиации стороны пользуются равными правами при выборе медиатора, процедуры медиации, своей позиции в ней, способах и средствах ее отстаивания, при получении информации, в оценке приемлемости условий соглашения об урегулировании конфликта и несут равные обязанности. В частности надо знать, что, медиатор - это не защитник, не обвинитель, не арбитр, не консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта. Поэтому, при проведении медиации между сторонами медиатор должен быть беспристрастным, проводить медиацию в интересах обеих сторон и обеспечивать сторонам равное участие в процедуре медиации. При наличии обстоятельств, препятствующих беспристрастности медиатора, он должен отказаться от проведения медиации.

Гульдана ЕРБАТЫРОВА,
ведущий специалист Текелийского городского суда.

ЗАКОН

КОМПЕНСАЦИЯ МОРАЛЬНОГО ВРЕДА

Хотелось бы напомнить, что под моральным вредом понимается нарушение, умаление или лишение личных неимущественных благ и прав, принадлежащих физическому лицу от рождения или в силу закона, влекущее нравственные или физические страдания, испытываемые (претерпеваемые, переживаемые) потерпевшим в результате совершенного против него правонарушения. Компенсация морального вреда направлена на возмещение пострадавшему гражданину физических или нравственных страданий. Компенсация морального вреда относится одним из способов судебной защиты гражданских прав.

При определении критерия размера компенсации морального вреда должны учитываться индивидуальные особенности потерпевшего. Как указано выше, моральный вред возникает в результате физических либо нравственных страданий. Физические страдания – это категория чисто физиологическая, у разных людей разный болевой порог, разная способность терпеть физическую боль, в связи с чем неправильно оценивать одинаково моральный вред, причиненный одинаковой силы ударом ребенку, престарелому человеку либо взрослому мужчине.

Нравственные страдания можно определить как совокупность отрицательных эмоций – чувства страха, унижения, обиды и т.д. Степень и глубина подобных психических реакций зависит как от индивидуальных особенностей психики, уровня развития интеллекта, самооценки потерпевшего, так и от положения объекта, посягательство на который причиняет моральный вред в системе ценностей самого потерпевшего.

Кроме того, при определении размера компенсации морального вреда в отдельных случаях учитываются материальное положение лица, которому такой вред причинен, в частности, как субъективная оценка потерпевшим либо в случае его смерти в результате совершенного против него правонарушения близкими родственниками, супругом (супругой) тяжести причиненного нравственного ущерба, так и объективные данные, свидетельствующие о степени нравственных и физических страданий потерпевшего либо в случае его смерти близких родственников, супруга (супруги) и.т.д.(ст. 952 ГК). Необходимость учета материального положения потерпевшего в данном случае продиктована спецификой компенсируемого вреда. Моральный вред как категория нематериальная не может быть оценен денежной суммой. Компенсация морального вреда есть предоставление потерпевшему возможности испытать за счет взысканной суммы положительные эмоции, соразмерные испытанным им физическим или нравственным страданиям.

Моральный вред возмещается, независимо от вины причинителя, в случаях, если: 1) вред причинен жизни и здоровью гражданина источником повышенной опасности; 2) вред причинен гражданину в результате его незаконного осуждения, незаконного привлечения к уголовной ответственности, незаконного применения в качестве меры пресечения заключения под стражу, домашнего ареста или подписки о невыезде, незаконного наложения административного взыскания в виде ареста, незаконного помещения в психиатрическое лечебное учреждение или другое лечебное учреждение; 3)вред причинен распространением сведений, порочащих честь, достоинство и деловую репутацию; 4)иных случаях, предусмотренных законодательными актами.

Гражданским законодательством определение размера компенсации морального вреда оставлено на усмотрение суда, рассматривающего дело, с учетом принципов разумности, достаточности и справедливости.

Ержан ЖАНУЗАКОВ,
судья СМУС
Алматинской области.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СҰХБАТ

ЖЕҢІЛІСТІҢ ЫЗАСЫ ЖҮЛДЕГЕ ЖЕТКІЗДІ

Ресей Федерациясының Владивосток қаласында VII «Азия балалары» халықаралық спорт ойындары өтті. 12 елден келген 1355 өрен 19 спорт түрінен 273 медаль жиынтығын сарапқа салды. Бұл қатарда Қазақстан делегациясы 2 спорт түрі – дзюдо мен таэквондодан спортшы апарды. «Азия балалары» халықаралық спорт ойындары төрт жылда бір өтеді. Алғаш рет 1996 жылы өткен болатын. Содан бері талай мәрте қазақ балалары байрақты бәсекеге қатысып, жүлдеден көрінген. Естеріңізге сала кетейік, 2016 жылы үштөбелік желаяқ Аружан Рахымберлі жүлделі үшінші орыннан көрінді. Енді міне, Аружанның жеңісті жолын жалғаған Сағира Әділ Владивостоктан қола жүлдемен оралды.

– Сағира, жүлдең құтты болсын! Ең алдымен, жеңіске жеткендегі әсеріңмен бөлісші?

– Рақмет! Әрине әсерімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Бірақ әсерден бұрын іштей өкініш те бар. Жартылай финалда жеңіліп қалғаныма қатты өкінемін. Егер ол бәсекеде жолым болғанда қолымдағы қола алтынға айналар ма еді.

– Бұл сенің алғашқы халықаралық жарысың ба?

– Иә, менің шет мемлекеттегі бірінші додам. Алғашқы жарыста жүлдемен оралуым мен үшін үлкен жетістік. Бұған дейін ел ішіндегі бәсекелерге қатысып, жүлдеге қол жеткізгенмін. Бұл жолғы доданың бәйгесі олардан ыстық деп ойлаймын.

– Жеке өзіңе келмес бұрын, «Азия балалары» ойындарындағы өнеріңе кеңінен тоқталсақ. Сол күнгі татамидегі ерлігің жайлы айтып өтсең?

– Владивосток татамиінде 4 кездесу өткіздім. Бірінші қарсыласым да, екінші қарсыласым да Ресей мемлекетінің дзюдошылары болды. Екі қарсыласымды да ұттым. Әрине жеңіске оңайлықпен жетпедім. Қиындықтар болды. Алғашқы ірі жарысым болғандықтан қобалжу болды. Бірінші кездесуімді жеңгеніме қуанамын. Өйткені сол жеңістен кейін менде сенімділік болды. Өз қорқынышымды өзім жеңіп, қарсыласыма атойлап шаптым. Ал үшінші кездесуімде жартылай финалда Өзбек қызынан ұтылып қалдым. Қарсыласым айтарлықтай мықты болды деп айта алмаймын. Қателікке бой алдырып алдым. Аяқпен жұмыс істеу керек еді, кеудеге жұмыс істеймін деп көп күш жұмсап алдым. Содан болар аяқтарым жұмыс істемей қалды. Оның үстіне Өзбек қызының күші өте көп екен. Мен оны күрес кезінде анық байқадым. Нар тәуекел деп қола жүлде үшін таласта барымды салдым. Жарыс қожайыны ресейлік спортшымен күрестім. Алдыңғы сенімділік бар, одан кейінгі жеңілістің ызасы бар, жүлдесіз қайтпаймын деп шештім. Жеңілістің ызасы жүлдеге жеткізді. Ақыры қарсыласымды ұтып, қолаға қол создым.

– Жалпы өзің дзюдо спортымен неше жасыңнан бастап шұғылданасың?

– Үш жасымнан бастап дзюдо күресімен айналысып келемін.

– Бапкерің жайлы айтып өтсең?

– Мен Текелі қаласында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінің түлегімін. Бапкерім – Бауыржан Құттымбетов. Ағайдың тәрбиесі арқылы ел ішіндегі жарыстарда жүлдеге қол жеткіздім. ҚР чемпионатында үшінші орыннан көріндім. Іріктеу жарыстарында жеңіске жеттім. Облыстық турнирлерде де бағым жанған күндер көп болды.

– Отбасың жайлы да білгіміз келеді?

– Әкемнің есімі – Ернар, анам – Динара. отбасымызда 3 ұл, 1 қыз.

– Ата-анаң жалғыз қызының дзюдоны таңдағанына қалай қарайды?

– Әрине, алғашында қарсы болған. Кейін рұқсатын берді. Осы жолы жеңіспен оралғанда отбасым да қарсы алып, құттықтады.

– Айтпақшы сені Алматы әуежайынан салтанатты түрде қарсы алды. Мұны сен алдын ала білдің бе?

– Иә, білдім, бірақ мынадай кең көлемде болады деп ойламадым. Жанкүйерлерім, ата-анам, спорт басшылары барлығы ән-күй, шашумен қарсы алғанда қатты қуандым. Сол сәтте шын жеңіске жеткенімді жете сезіндім. Мен үшін үлкен абырой болды.

– Сұхбатыңа рақмет!

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

ҚОЛА МЕДАЛЬ БҰЙЫРДЫ

Елордада дзюдодан Азия чемпионаты өтті. Төрт күн бойы 19 елден, 200 дзюдошының басын қосқан бәсекеде Қазақстан құрама командасы жалпыкомандалық есепте үшінші орынды алды. Алтын медальді Жапон құрамасы иеленсе, күміске Моңғол мемлекеті табан тіреді.

Жалпы, Елордадағы Азия чемпионаты жаман өткен жоқ. Бұған дейін талай мәрте ірі додаларды қабылдаған қазақ елі бұл жолғы бәсекені де жоғары деңгейде өткізді. 2015 жылы әлем чемпионатын өткізгенде де халықаралық дзюдо федерациясы жоғары баға берген болатын. Сол үшін де Қазақстан мемлекетіне бұндай ірі жарысты сеніп тапсырды.

Биыл дзюдодан ұлттық құрама командасында өзгерістер көп. Алдымен құраманың бас жаттықтырушысы ауысты. Оған Нұрбол Сүлейменов бекіді. Кезінде талай мықтының жауырынын жер иіскеткен Нұрбол, бұл жолы бағын бапкерлікпен сынамақшы. Алғашқы ірі бәсекесі жаман басталған жоқ. Құрама сапына жаңа дзюдошыларды алып, жас таланттарға мүмкіндік берген. Сондай-ақ, сақа спортшыларды да дүбірлі додаға қайрап салды.

Сенім артқан серкелердің нәтижесіне келер болсақ, Данияр Шамшаев (73 келі) алтын алды. Ал Ислам Бозбаев (100 келі) пен Абиба Абужақынова (48 келі) күміс медаль иегері атанды. Сондай-ақ Нұрлыхан Шархан (100 келі), Дидар Хамза (90 келі), Аруна Жангелдина (78 келі), Мағжан Шәмшадин мен Ғұсман Қырғызбаев (66 келі) қола медаль алды. Бәсекеде бақ сынағандардың барлығы аянып қалмады. Олардың беталысына қарап, құрама командада жаңа серпіннің бар екенін байқауға болады.

Енді алда Ташкентте өтетін әлем чемпионаты бар. Ел сенімін арқалаған ұл-қыздарымыз әлем алтынына қол жеткізетініне сенім мол.

Әмір САНА

ШАХМАТ

ҮШІНШІ ОРЫНҒА КӨТЕРІЛДІ

ШАХМАТТАН ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫ ҮНДІСТАНДА ӨТІП ЖАТҚАН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ОЛИМПИАДАНЫҢ КЕЗЕКТІ ТУР ОЙЫНЫНДА БОЛГАРИЯНЫ ЖЕҢІП, ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ ҮШІНШІ ОРЫНҒА КӨТЕРІЛДІ.

Тоғызыншы тур аясында өткен бәсекеде жерлестеріміз Болгария шахматшыларынан 3:1 есебімен басым түсті. Бұл кездесуде Жансая Әбдімәлік пен Гүлісхан Нақбаева Қазақстан құрамасына жеңіс сыйласа, Бибісара Асаубаева мен Ксения Балабаева кездесуді тең есеппен аяқтады. Тоғыз турдан кейін әйелдер арасындағы әлемдік рейтингте Польша құрамасы көш бастап тұр. Екінші орынға Үндістан құрамасы жайғасқан. Үздік үштікті Қазақстан шахматшылары түйіндеп тұр.

Ал Қазақстанның ерлер құрамасы тоғызыншы турда Сербия құрамасымен ойнап, 1:3 есебімен ұтылып қалды. Мұртас Қажығалиев пен Арыстанбек Оразаев ойындарын тең аяқтаса, Ринат Жұмабаев пен Әлішер Сүлейменов жеңіліп қалды. Жерлестеріміз бұл сәтсіздігінен кейін әлемдік рейтингте 25-орынға түсті.

egemen.kz

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КЕРЕК КЕҢЕС

КҮЗДЕ СӘНДЕ БОЛАТЫН СЫРТ КИІМДЕР

Суық күндерге қажетті киімдеріңізді қазірден бастап дайындаңыз. Егер гардеробтағы киімдеріңізді жаңарту жоспарыңызда болса, сәнді тенденцияларды зерттеуден бастаңыз. Күзде сәнде болатын сыртқы киімдерде әдемілік пен ыңғайлылық үйлестірілген.

Торлы пальто

Күз-қыс маусымының сәнді трендтерінің қатарында торлы принт бар. Бұл тренд, әсіресе, сырт киімдерге таралады. Торлы пальто кез келген әйелдің киім үлгісін толықтыра алады. Оны бәтеңкелермен де, өкшесі биік етіктермен де киюге болады.

Эко былғарыдан тігілген плащ немесе куртке

Былғарыдан тігілген сырт киімді күнделікті киім үлгілеріне үйлестіру оңай. Сондай-ақ олар кешкі үлгілерге де келеді. Плащтың немесе курткенің табиғи немесе эко былғарыдан тігілген түрін алуға болады. Былғары курткенің пиджакқа ұқсайтын түріне мән беріңіз.

Бомбер

Бомбер — спорттық стильдегі куртке. Заманауи сән бомберді коктейльді көйлектермен, шалбарлармен және жеңіл белдемшелермен үйлестіруді ұсынып отыр. Мұндай спорттық курткенің түрлі түстегі және принттегі түрлері кездеседі. Сондықтан әркім өзіне ұнайтынын таба алады.

Макси ұзындықтағы пальто

Алдағы күзде макси ұзындықтағы пальтолар сәнде болады. Мұндай пальтолар ыңғайлы, жылы және стильді көрінеді. Оны спорттық киімдермен де, кешкі үлгідегі киімдермен де киіп жүре бере аласыз.

Куртке

Курткені бұрын тек спорттық киімдермен немесе кэжуал стиліндегі киімдермен киетінбіз, енді дизайнерлер оны кештерге немесе мерекелерге арналған киімдермен де үйлестіруді ұсынып отыр. Заманауи курткелердің үлгілерінде қанық реңктер мен түрлі принттер көп кездеседі. Сән көрсетілімдерінен көрпеге ұқсайтын ұзын курткелер де жиі кездесті.

Дубленка

Оның ұзын түрлері де, авиатор-дубленкалар да сәнде болады. Дизайнерлер сән көрсетілімдерінде оның әртүрлі түстерін ұсынды: сарғыш, қара, ақ, көгілдір, қоңыр.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР

Әр мамандықтың қоғамда алатын өзіндік орны, мәртебесі бар. Сондай мәртебелі мамандықтардың бірі құрылысшы мамандығы екендігі баршамызға аян.

Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық десек, құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Мемлекет басшысының қолдауымен Тәуелсіздік жылдары елімізде құрылыс саласын дамытуға барынша жағдай жасалды. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді.

Құрылысшы еңбегі қашан да құрметке лайық! Барлық құрылысшы мамандық иелерін, соның ішінде «Береке Құрылыс и К» ЖШС қызметкерлерін, атап айтқанда, Берік Кенженов, Еділ Рахымжанов, Мұхтар Ибраимов, Еркін Кенженов, Серік Қорғанбаевтарды төл мерекелерімен құттықтап, ел экономикасының дамып, көркеюіне қосқан үлестерінің жемісін көре берсін деп тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Ізгі ниетпен Нұргүл ҚУАНДЫҚОВА

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

МҰРЫН ШҰҚУДЫҢ ЗИЯНЫ ҚАНДАЙ?

Мұрын шұқу қалыпты әдет, бірақ мұның да бір зияны бар екен, соған тоқталып өтейік. Әсіресе, балалар мұрын шұқуға құмар келеді. Әлі орта мен әлемді танымаған, әлеуметтенуден, бейімделуден өтпеген, ұяттың не екенін әлі біле қоймаған бала үшін бұл – күнделікті әдет. Бірақ бұл әдеттің өмір бойы қалып қоймауы керек.



Мұрын – адамның тыныс алу мүшесі. Бүкіл тыныс алу жүйесінің басында тұрған цикл. Мұрынның табиғи биологиялық фильтр екенін бәріміз білеміз. Сырттан келген шаң-тозаң мен аллергендерді ішкі ағзаға жібермей ұстап қалады. Ондай аллергендер еніп кетсе, адамның астмасы ұстауы, өкпесі қабынуы мүмкін.

Мұрын ішіндегі шырышты қабық тіпті вирус пен бактерияларды да ұстап қалады екен. Әсіресе, қорғасын, асбест, тозаң сынды патогендерді іске жібермейді. Бір қызығы мұрында адамның иммунды жүйесімен байланысып жатқан антидене, фермент сынды қорғаныс құралдары да бар көрінеді.

Арғы жағын енді өзіңіз ойлап көріңіз. Мұрын ішке жібермей ұстап қалған патогенді сіз қолмен шұқып, ол қолды жумай, қауіпті аурудың таралуына себепші болуыңыз мүмкін. Ең ақыры мұрынбокты жеп қойсаңыз, ол микроб пен аллергендерді ішке жібердіңіз дей беріңіз. Одан кейін ауру туу мүмкін. Адам ұшынуы, улануы да ықтимал.

Мұрынбоқ деген – ол кәдімгі микроб. Сары түсті стафилококк (S. aureus) деп аталады.

Егер мұрынды шұқи берсеңіз, оның ішінде осы стафилококтің түрі көбейіп кетуі мүмкін. Стафилококк саусақпен бірге жабысып, жараға барып түссе жақсы емес. Әсіресе, мұрын шұқып жатып, қанатып алуыңыз әбден мүмкін.

Осылардың бәрін айта келе, мұрын шұқудың зиян деп айтқымыз келеді. Әйтпесе инфекция таратып, пневмонияға тап болуыңыз да мүмкін. Мұрын шұқу деген әдет болса, барынша ерте қойғаныңыз жөн.

МЕДИЦИНА

Қытайда жаңа вирус шықты

Қытайлық және сингапурлық зерттеушілер генипавирустың бұған дейін белгісіз болған түрін анықтады. Вирусты 35 адам жұқтырған. Зерттеу New England Medicine (NEJM) медициналық журналында жарияланды, – деп хабарлайды Tengrinews.kz.

Бейжің микробиологиялық эпидемиология институты мен Сингапур ұлттық университетінің ғалымдары бірлесіп дайындаған мақалада генипавирустың зоонозды, жануарлардан шыққан жаңа түрі адамдарға да жұғатыны және Шаньдун мен Қытайдың Хэнань провинциясынан анықталғаны жазылған. Авторлар вирусқа Ланъя (Langya henipavirus, LayV) генипавирусы деген атау қойған.

Аурудың негізгі симптомдары: қызба, миалгия, жөтел, шаршау, бұлшықет ауруы және жүрек айнуы. Зерттеушілер әзірге вирусты ауыр өткізген не қайтыс болған адамды тіркемеді. Ланъя вирусы парамиксовирустар тұқымдасына жатады.

Генипавирустың екі түрі адамға жұғатыны белгілі, ол — Нипах және Хендра вирустары. Айта кетейік, дүниежүзінде генипавирусқа қарсы вакцина жоқ. Вирусты емдеудің жалғыз жолы — аурудың асқынуын болдырмау үшін жасалатын терапия.

ЕЗУТАРТАР

ҚОЖАНАСЫР ТУРАЛЫ ЕҢ ТАНЫМАЛ АҢЫЗ

Баяғыда біреу той жасапты, тойға көп кісі жиналыпты, Қожа да келіпті. Қожанасырдың үстіндегі киімі жаман екен. Қожанасырды ешкім елемепті. «Төрге шық, тамақ іш», - демепті. Қожа үйден шығып кетеді де үйіне барып, тәуір киімдерін киіп, қайта келеді. Бұл жолы үй иесі Қожанасырды құрметтейді, төрден орын береді, ет келгенде:

- Қожеке, алыңыз, алыңыз! - деп, қошеметтейді. Қожа етті жемей, табаққа шапанының жеңін малып:

- Же, шапаным, же! - деп, отыра береді.

Үй иесі:

- Сіздің бұл не қылғаныңыз? Шапан ет жейтін бе еді? - дейді.

Сонда Қожа:

- Сен кісіні сыйламайды екенсің, киімді сыйлайды екенсің. Сондықтан шапаныма жегізіп отырғаным! - деп, жауап береді.



Материалдар Massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары

Кезекші редактор: С. ӘЙТЕНОВА

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 777

Индекс 15534